



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АЗАМАТТЫҚ
АЛЫАНСЫ



KONRAD
ADENAUER
STIFTUNG



#5 (09-10) 2025

Adal Azamat

А З А М А Т Т Ы Қ Қ О Ғ А М Ж У Р Н А Л Ы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЫАНСЫНА - 20 ЖЫЛ:
ИДЕЯДАН ҰЛТТЫҚ ДИАЛОГ ПЛАТФОРМАСЫНА
ДЕЙІНГІ ЖОЛ





ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЬЯНСЫ

ҚАА БАСТЫ МҰРАТЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» қауымдастығы нысанында ЗТБ бүкіл ел бойынша 5000-нан астам коммерциялық емес ұйымдарды қамтитын ең ірі республикалық бірлестіктердің бірі болып табылады.

Қазақстанның Азаматтық альянсы 2005 жылы құрылды. Альянстың айрықша ерекшелігі оның елдің әр аймағында ұсынылған өңірлік құрылымдары болып табылады.

НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- үкіметтік емес секторды дамытуға жәрдемдесу, Қазақстанда ҰЕҰ жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру
- қоғамдық бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету
- қоғам, бизнес құрылымдар, халықаралық ұйымдар мен ҚР мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара тиімді әріптестікті дамыту
- ҚР-да Қоғамдық кеңестердің қызметін қолдау.
- Қазақстанда демократиялық процестерді орнықты дамыту және ілгерілету үшін мүшелер мен серіктестердің күш-жігерін біріктіру.

МЕКЕНЖАЙЫ:

Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1,
Сулы-жасыл желекжол бизнес орталығы, 12-қабат

ТЕЛЕФОН:

+7 775 274 22 69

E-MAIL:

civilalliance20@gmail.com



Мазмұны

4	Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзі
6	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтау сөзі
8	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрі Ерлан Нысанбаевтың құттықтау сөзі
10	Бану Нұрғазиева: «Мемлекет пен азаматтық қоғамның бүгінгі серіктестігі шындыққа айналды»
14	Басты оқиғалар
18	Қазақстанның Азаматтық форумдары: сенім мен серіктестіктің қалыптасу шежіресі
24	Қазақстанның Азаматтық альянсына – 20 жыл: идеядан ұлттық диалог платформасына дейінгі жол
28	Нұртөре Жүсіп: Жаңа Қазақстандағы ҰЕҰ рөлі, үшінші сектордың сын-тегеуріндері және тұрақсыздыққа жауап ретінде сенім туралы
32	Ажар Сағандықова: «ҰЕҰ – қарсыластар емес, мемлекеттің одақтастары»
36	Саранго Раднаарагча: «Қазақстан жауапты көшбасшылық пен жаһандық ынтымақтастықтың үлгісін көрсетуде»
40	Евгений Мухамеджанов: «Біздің міндетіміз – адамдарды таңғалдырып, экологияға сүйіспеншілікке баулу»
44	Александр Червяков және Анна Лебедева: Ақкөлде туған арман
48	Қайыржан Әбдіхалықов: Университет кафедрасынан азаматтық көшбасшылыққа жол
52	Захира Бегалиева: Қазақстандағы инклюзия: қайырымдылықтан инновацияларға
56	«Азаматтық қоғам - бұл...» Блиц-сауалнамасы

Adal Azamat

№ 5 (09-10) 2025

Қазақстанның азаматтық қоғамы туралы
ақпараттық-талдамалық журнал

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» қауымдастығы
нысанында ЗТБ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А.А. Құрманова
Б.Г. Нұрғазиева
В. Франк
Қ.С. Әбдіхалықов
Л.С. Ахметова
М.С. Башимов
Н.Б. Жүсіп
Л.М. Қалтаева
Д. Окремова
С. Түгел
А.Ш. Тлебергенова

БАС РЕДАКТОР: Б.Г. Нұрғазиева

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР: Н.В. Шаяхметова

ДИЗАЙНЕР: М. Есенаманов

КОРРЕКТОР: Е.И. Шубина

АВТОРЛАР: А. Қасымова, Н. Орқышпаева,
Е. Заболотских

АУДАРМАШЫЛАР: С. Канапина,
Ә. Жанұзақова

СУРЕТ: В. Шаповалов

ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫ: ЖК «NV Media»

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1,
Сулы-жасыл желекжол БО, 12-қабат
Тел. +7 775 274 22 69
email: civilalliance20@gmail.com
www.civilalliance.kz

ЖУРНАЛ ТІРКЕЛДІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті
04.12.2023 жылғы № КЗ06VPY00083147 куәлік

ТАРАЛУ АУМАҒЫ: Қазақстан Республикасы

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМ: 950 дана

БАСЫЛДЫ: «Print House Gerona» ЖШС

Материалдарды немесе олардың үзінділерін кез
келген көшіруге редакцияның жазбаша рұқсатымен
ғана жол беріледі. Редакцияның пікірі міндетті түрде
авторлардың пікірімен сәйкес келмейді

Журналды жариялау Конрад Аденауэр атындағы
Қордың қолдауымен жүзеге асырылды.

 KONRAD
ADENAUER
STIFTUNG





Қазақстан Республикасының Президенті
Президент Республики Казахстан

Астана қ., Ақорда

16.10/2025

XII Азаматтық форум қатысушыларына

Қадірлі қауым!

Сіздерді XII Азаматтық форумның ашылуымен құттықтаймын!

Бұл - мемлекет пен қоғам арасындағы сындарлы диалогты дамытуға арналған алқалы жиын.

Соңғы жылдары елімізде ауқымды реформалар қолға алынды. Мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасына арқау болған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы берік орныға түсті. Өзара сыйластық пен түсіністік, жанашырлық пен жауапкершілік қасиеттері кеңінен дәріптеліп, қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру үшін нақты шаралар атқарылды. Осы маңызды іске азаматтық қоғам өкілдері зор үлес қосып жатқаны сөзсіз.

Қазір Қазақстанда 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Оларды мемлекеттің сенімді серіктесі деуге толық негіз бар. Шын мәнінде, сіздер еліміздің береке-бірлігін нығайтуға, «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттарын іске асыруға белсене атсалысып жүрсіздер.

Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Мемлекет азаматтық қоғамның өрісін кеңейтуге әрдайым баса мән береді. Бес жылда арнайы әлеуметтік тапсырысқа бөлінетін қаржы екі есеге жуық өсті. Бұл қаражат игі бастамаларды жүзеге асыруға, мұқтаж жандар мен жастарды қолдауға жұмсалып жатыр. Ортақ мүдде жолындағы осындай өзара тиімді ықпалдастық алдағы уақытта да жалғасын табады.

Бүгінгі басқосуда айтылатын салмақты ой-пікірлер мен ұтымды ұсыныстар азаматтық қоғамды дамытуға тың серпін береді деп сенемін.

Форум жұмысы жемісті болсын!

Қасым-Жомарт Тоқаев



ҚҰРМЕТТІ ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Сіздерді XII Азаматтық форумның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы жылдар ішінде Форум мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар ашық пікір алмасатын, салмақты ойлар мен ұтымды ұсыныстар ортаға салынатын тұрақты алаңға айналды. Алқалы жиында көтерілен тың бастамалар мен жасампаз идеялар қоғам дамуына сертін беріп, мемлекетіміздің алға басуына оң әсерін тигізіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым азаматтық қоғамды нығайтуға ерекше назар аударып келеді. Осыған орай азаматтық қоғамды жетілдіруге арналған тұжырымдама әзірленіп, онын заңнамалық және институционалдық негізі қаланды.

Қазіргі таңда елімізде азаматтық қоғам толыққанды орнығып, мемлекеттік институттармен өзара байланысы күшеюде. Салалық ұйымдар мен қоғам белсенділері заң жобаларын талқылау ісіне де барынша атсалысып жүр.

Детутаттық корпус та өздеріңізбен қоян-қолтық жұмыс істеп жатыр. Парламент Мәжілісі жанында білікті сарапшылардан жасақталған қоғамдық палата жемісті қызмет етуде. Онда өзекті мәселелер талқыланып, жан-жақты сарапталып, ұсыныстар мен тың бастамалар ортаға салынады.

Бүгінгі өтіп жатқан форумда да ете қажетті жасампаз ойлар мен салиқалы пікірлер айтылатынына сенімдімін.

Форум жұмысына табыс тілеймін.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
Ерлан ҚОШАНОВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРІ ЕРЛАН
НЫСАНБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



**ҚҰРМЕТТІ ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАР, ҚОНАҚТАР
МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР!**

XII Азаматтық форумға қош келдіңіздер! Бұл форум – еліміздегі экологиялық мәселелерді ашық талқылап, азаматтық қоғамның табиғатты қорғау мен тұрақты дамуға қосатын үлесін арттыруға арналған дәстүрлі алаң.

Біз өз жұмысымызда әрдайым ашықтық қағидатын ұстанамыз. Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, экологиялық саясатты қалыптастыруға, заңнаманы жетілдіруге және өңірлердегі экологиялық жағдайды жақсарту шараларын іске асыруға дайынбыз.

Азаматтық сектордың белсенді қатысуымен Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы бекітілгенін атап өткім келеді.

Қабылданған жаңа Экологиялық кодексті іске асыру үшін зиянды заттардың эмиссияларын 20%-ға төмендету бойынша міндет, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда экологиялық бақылауды күшейту есебінен орындалады, жыл сайын өңірлерде табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарлары әзірленеді.

Қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша деректерге мониторинг жүргізу және беру жүйесі енгізілді, ол қоршаған ортаға әсерді онлайн режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ, тау-кен металлургия салаларындағы ірі кәсіпорындар ең озық қолжетімді технологияларға көшуді енгізуде және кешенді экологиялық рұқсаттар алу науқаны жүзеге асырылуда.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРІ ЕРЛАН НЫСАНБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Анықтама үшін: Бүгінде 10 кәсіпорын КЭР алды («Қазхром» АҚ (Дон КБК, Ақтөбе және Ақсу зауыттары), «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ, «ПетроҚазақстанОйл Продактс» АҚ, «Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ және «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақстандық электролиз зауыты» АҚ, «Аксенгер ЛТД» ЖШС, «Консолидированная Строительная ГК» ЖШС).

Қазіргі уақытта Министрлік қалдықтардың барлық түрлерін басқару жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу бойынша азаматтық сектордың қатысуымен жұмыс жүргізуде. Бұл құжатта ресурстарды ұтымды пайдалануға, қайта пайдалануға және қайта өңдеуге, сондай-ақ қалдықтарға мониторинг жүргізуге және түгендеуге бағытталған іс-шаралар кешені бар.

Сонымен қатар, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатқа ұқыпты қарау бойынша «Таза Қазақстан» бастамасы табысты іске асырылуда. Қазір «Таза Қазақстан» акциясы ауқым алып, барлық өңірлерде экологиялық тәрбие қалыптастыруда.

Белсенді назар аударуды және шұғыл әрекет етуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі су ресурстарының ластануы болып табылады. Каспий теңізінің ластану проблемасы биоалуантүрлілікті төмендету, сақтау және қалпына келтіру бойынша бірлескен шаралар қабылдауды талап етеді. Осы тұрғыда ғылыми және азаматтық қоғамның қатысуымен зерттеулер жүргізуге ерекше назар аудару қажет.

Осы орайда, құрылған Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты Каспий экожүйесінің су деңгейінің өзгеруіне бейімделуінің болашақ аймақтарының картасын және инвестициялар тарту жөніндегі жоспарларды әзірлейді.

Еліміздің барлық өңірлерінің, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің экологиялық проблемаларын біріктіре отырып, 2026 жылғы 22-24 сәуірде Астанада Өңірлік экологиялық саммит өтеді.

Біз үкіметтік емес сектор өкілдерін саммитке белсенді қатысуға шақырамыз және нақты ұсыныстар мен ұсынымдар күтеміз.

Құрметті қатысушылар,

Министрлік жанында «Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес» және «Қоғамдық кеңес» тұрақты диалог алаңы жұмыс істейтінін атап өткім келеді.

Біз белсенді өзара іс-қимылға және шешім қабылдауға дайынбыз.

Бірлескен күш-жігермен ғана экологиялық мәселелерді шешуде оң нәтижелерге қол жеткізуге болатынына сенімдімін.

Барлығына нәтижелі жұмыс және жемісті пікірталас тілеймін!

Назарларыңыз үшін рақмет!

Бану Нұрғазиева:

«МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БҮГІНГІ СЕРІКТЕСТІГІ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫ»



«Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЗТБ 20 жылдық мерейтойын атап өтуде. Оның қолдауымен жыл сайын үкіметтік емес секторды дамыту мәселелерін шешу бойынша бірегей және ауқымды іс-шара – Азаматтық форум өткізіледі. Биыл ол 12-ші рет өтті. Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Ғаниқызы Нұрғазиевамен сұхбатта біз өткен форумның негізгі қорытындыларын және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін нығайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды талқыладық.

– Бану Ғаниқызы, 20 жыл – бұл Қазақстанда азаматтық сектордың қалыптасуын батыл бағалауға болатын маңызды кезең. Әрине, өрлеу де, құлдырау да болды. Бүгін біз қандай нәтижеге келдік? Қандай жетістіктерге қол жеткіздік?

– Иә, 20 жылдық меже бізге азаматтық қоғамды қалыптастыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы елеулі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әрине, бұл оңай болған жоқ. Дегенмен, бүгінгі таңда бізде ҰЕҰ мен мемлекет арасында байланыс орнату бойынша қалыптасқан құрылым бар. Қазіргі уақытта Азаматтық альянстың қанатының астында бүкіл ел бойынша 5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым бар. Біз қоғамдық бастамаларды іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға, қоғам, бизнес, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасындағы әріптестікті дамытуға, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің қызметін қолдауға ерекше назар аударамыз.

– Ал заңнамалық өзгерістер туралы айтатын болсақ?

– 2021-2024 жылдар аралығында Қазақстан Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен құқықтық өрісті сапалы жаңарту үдерісі басталды делік. Негізгі заңнамалық актілер – «Қоғамдық бақылау туралы» Заң, «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы» Заңға түзетулер пакеті, «Волонтерлік туралы», «Қайырымдылық туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Медиация туралы» және «Қоғамдық кеңестер туралы» заңдарға толықтырулар қабылданды. Осы заңдарды іске асыру мақсатында 14 нормативтік құқықтық актіге өзгерістер енгізілді.

Қоғамдық кеңестердің әлеуеті айтарлықтай нығайтылды. Соңғы үш жылда 264 қоғамдық кеңес құрамындағы азаматтық қоғам өкілдерінің үлесі 23%-ға өсіп, 86%-ға жетті, ал жастардың үлесі 5%-ға ұлғайып, 15% құрады.





”

«XII Азаматтық форум ауқымы жағынан ғана емес, сонымен қатар мазмұнды диалог сапасы жағынан да, шын мәнінде, маңызды оқиғаға айналды»

Соңғы бес жылда 10,3 миллиард теңге сомасына 556 грант іске асырылды. 2025 жылы 1,8 миллиард теңге сомасына 104 грант іске асырылады. YEҰ үшін сыйлықтар конкурсы рекордтарды жаңартты, өтінімдер саны 135-тен 208-ге дейін өсті, ал 73 ұйым, соның ішінде ауылдық және инклюзивті бастамалар жеңімпаз атанды. Осы жылдар ішінде барлығы 336 YEҰ сыйлық алды.

– Жүргізіліп жатқан жұмыс аясында үлкен қолдау көрсетіп келе жатқан Азаматтық форумдар тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, өзекті мәселелерді талқылаудың тұрақты алаңына айналды. XII Азаматтық форумның ерекшелігі неде? Қандай маңызды сәттерді атап өтуге болады?

– XII Азаматтық форум ауқымы жағынан ғана емес, сонымен қатар мазмұнды диалог сапасы жағынан да, шын мәнінде, маңызды оқиғаға айналды. Бірінші күннің атмосферасы біздің форумның дәстүрлі кездесуден де ауқымдырақ екенін көрсетті. Бұл – мемлекет, бизнес және азаматтық қоғамның ашық диалогы.

Еліміздің барлық өңірлерінен 800-ден астам қатысушы: YEҰ, мемлекет, бизнес және халықаралық ұйымдардың өкілдері «Әділетті Қазақстан: азаматтық қоғам мен мемлекеттің серіктестігі» ұранымен жиналды. Іс-шара барысында цифрландыру, инклюзия, ТКШ жаңғырту және қайырымдылық сияқты тақырыптардың кең ауқымын қамтитын 20 қатарлас сессия өткізілді.

Өткен кездесу мемлекет пен азаматтық сектор-

дың өзара жауапкершілігіне негізделген жекелеген бастамалардан жүйелі жұмысқа және шынайы әріптестікке көшуді белгілей отырып, азаматтық қоғам дамуындағы жаңа кезеңді белгіледі. Оның басты нәтижесі тараптардың YEҰ әлеуетін әлеуметтік саясат, экология, азаматтардың құқықтарын қорғау, цифрландыру және орнықты даму салаларындағы мемлекеттік басымдықтарды іске асыруға интеграциялау қажеттігі туралы келісімі болды. Диалог мәдениетін нығайту да маңызды нәтиже болды: алғаш рет көптеген мәселелер өңірлердің қатысуымен ашық форматта талқыланды, бұл нақты «терең күн тәртібін» естуге және жергілікті қауымдастықтардың қалай өмір сүретінін және қандай кедергілерге тап болатынын түсінуге мүмкіндік берді.

– Форумның қандай негізгі нәтижелері ең маңызды болды деп ойлайсыз?

– Мен екі үлкен жетістікті атап өтер едім. Біріншіден: мемлекет тарапынан YEҰ-ның қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешудегі тең құқылы серіктес ретіндегі рөлін мойындау. Бұл тек сөздерде ғана емес, нақты қадамдар мен шешімдерде де көрініс тапты. Екіншісі: азаматтық сектордың өзін шоғырландыру. Форум әр түрлі бағыттардың (экологиялық, құқық қорғау, жастар, инклюзивті) өкілдері ортақ көзқарастар мен ұстанымдарды әзірлеу үшін біріккен бірегей алаңға айналды. Мұның бәрі, әрине, сектордың ықпалын едәуір нығайтты және оған мемлекетпен біртұтас, күшті дауыспен сөйлеуге мүмкіндік берді.

Бүгінде Қазақстанның азаматтық секторы белсенді дамып келеді, бірақ сын-тегеуріндерге – тәсілдерді жаңарту, кәсібилікті арттыру және мемлекетпен әрі бизнеспен өзара іс-қимылды кеңейту қажеттілігіне тап болып отыр. Форум тек проблемалар ғана емес, мүмкіндіктер де талқыланатын алаңға айналды: серіктестікті нығайту жолдары, қоғамдық бастамалардың сенімі мен сапасын арттыру тәсілдері. Негізгі қорытынды: сектордың тұрақтылығына оқшауланған күш-жігер арқылы емес, ынтымақтастық арқылы қол жеткізіледі.

– Ауқымды кездесудің қорытындысы бойынша 200-ден астам ұсыныс қабылданды. Олардың қайсысы басымдыққа ие?

– Мұнда айта кету керек: біз үшін форумға қатысушылардың барлық ұсыныстарын шоғырландыру маңызды. XII Азаматтық форумның ұсынымдарын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеу бойынша жұмыс басталды. Бұл құжат заңнаманы жетілдіру, гранттық саясатты, қоғамдық бақылау және азаматтық қатысу тетіктерін дамыту жөніндегі нақты шараларды біріктіреді.

Форум қорытындысы бойынша мен Қазақстанның Азаматтық альянсы атынан жеті ұсыныс енгіздім. Ең бастысы – мемлекеттің, бизнестің және ҰЕҰ-ның тиімді өзара іс-қимылы үшін республикалық цифрлық интерактивті платформа құру, сондай-ақ сектор жұмысының нақты нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін азаматтық қатысудың жыл сайынғы ұлттық индексі және ҰЕҰ экономикалық үлесін енгізу. Парламент жанынан заң шығару

үдерісінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін Қоғамдық бақылау кеңесін құру да маңызды. Жергілікті атқарушы органдарға ҰЕҰ үшін, атап айтқанда, ҰЕҰ үйлері үшін қажетті инфрақұрылымды құру және әлеуметтік қызметтерді жеткізушілердің жеке тізілімін қалыптастыру міндетін заңнамалық тұрғыдан бекіту маңызды деп санаймын.

Өңірлік ҰЕҰ қолдауға, қоғамдық кеңестерді нығайтуға және олардың кәсіби деңгейін арттыруға ерекше назар аударылды. Жаңа технологиялардың даму дәуірінде бізге сектордың цифрлық экожүйесін қалыптастыру маңызды.

– Цифрландыру туралы. Оның Қазақстанның азаматтық қоғамын дамытудағы рөлін қалай бағалайсыз?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде стратегиялық маңызы бар міндет қойды. Бұл жолда үкіметтік емес сектор да қалыс қалмауы керек. Сондықтан цифрландыру өткен форумның негізгі тақырыптарының біріне айналды. Біз оны техникалық үдеріс ретінде емес, азаматтық секторды дамытудың маңызды құралы ретінде қарастырдық. Басты идея – цифрлық трансформация жобаларды басқарудан бастап азаматтармен қарым-қатынасқа дейінгі ҰЕҰ ішкі мәдениетінің бір бөлігі болуы тиіс.

Қатысушылар ҰЕҰ қызметі, олардың жобалары мен нәтижелері туралы ақпарат жиналатын бірыңғай цифрлық платформа құруды ұсынды. Бұл тәсіл ашықтықты қамтамасыз етеді, қоғамның сенімін арттырады және мемлекет, бизнес пен азаматтық сектор арасындағы ұзақ мерзімді әріптестік үшін жағдай жасайды.

– ҰЕҰ қызметін заңнамалық реттеу дәстүрлі түрде дау туғызады. Форумда жаңа тәсілдер мен идеялар талқыланды ма?

– Иә, заңнама тақырыбы үлкен қызығушылық тудырды. Негізгі қорытынды – нүктелік өзгерістерден заманауи, икемді және қолдау көрсететін құқықтық жүйені қалыптастыруға көшу керек. Бұл ретте бастаманы шектемейтін, керісінше азаматтық қоғамның дамуын ынталандыратын, ашықтық пен сенімді арттыратын жағдайлар жасау туралы сөз болып отыр. Біз Президентке ҰЕҰ қызметінің толыққанды инфрақұрылымын қалыптастыруға ықпал ететін «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заңды әзірлеу және қабылдау туралы ұсынысымызды қолдағаны үшін алғысымызды білдіреміз. Бұл құжатты біз үкіметтік емес ұйымдарды дамытудың сапалы жаңа кезеңінің бастапқы нүктесі ретінде





қарастырамыз және азаматтарды басқару үдерісіне неғұрлым белсенді тарту үшін маңызды қадам болады деп ойлаймын.

– Демек, Қазақстанның XII Азаматтық форумы мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы әріптестікті нығайтуда, сондай-ақ қоғамдық өмірдің түрлі салаларында цифрландыру мен инклюзияны ілгерілетуде маңызды қадам болды ғой?

– Дәл солай. Біз мемлекет, сарапшылар мен ҰЕҰ арасындағы тұрақты диалогтың ерекше маңызы бар екенін жақсы білеміз. Форум мұндай диалогтың сындарлы арнада өтуі мүмкін екенін және дәл осы арқылы сектор үшін орнықты құқықтық негіз қалыптастыруға болатынын көрсетті. Сондай-ақ, ол өңірлік ҰЕҰ үлкен әлеуетке ие екендігін және өз аумақтарының проблемаларын терең түсінетіндігін, бірақ жалпыұлттық үдерістерге қатысу үшін әрдайым құралдар жетіспейтіндігін көрсетті. Азаматтық қоғам инфрақұрылымын өңірлерде қалыптастыру маңызды, онда жергілікті бастамалар қолдау алып, тәжірибе алмаса алады және ұлттық бағдарламалардың бір бөлігіне айнала алады. Біз өңірлер, қалалар мен астана ортақ мақсаттармен бірігіп, тең деңгейде жұмыс істейтін «желілік азаматтық қоғам» моделіне қарай бет алып келеміз.

– Қазақстанның Азаматтық альянсының құрылғанына 20 жыл толуына орай әріптестеріңізге тілегіңіз қандай?

– Жүрегі мен жанын «үшінші» секторға арнаған барша жандарға қоғам игілігі үшін атқарып жүрген еңбегінде табыс пен шабыт тілеймін. Мемлекет,

”

«Мұнда айта кету керек: біз үшін форумға қатысушылардың барлық ұсыныстарын шоғырландыру маңызды. XII Азаматтық форумның ұсынымдарын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеу бойынша жұмыс басталды»

бизнес және азаматтық сектор арасындағы әріптестік одан әрі тиімді әрі нәтижелі бола берсін. Жаңа батыл бастамалар, кәсіби өсу мен тұрақты дамуды тілеймін, бірге қазақстандықтардың игілігі үшін әділ әрі ашық қоғам құра білейік.

– Әңгімеңіз үшін рақмет.



Қазақстанда ҰЕҰ үшін мемлекеттік гранттар беру қағидалары жаңартылды

Осы жылдың шілде айында Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, ұсыну, мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалаудың жаңартылған қағидалары күшіне енді. Бұл жаңалықтар азаматтық қоғам институттарына мемлекеттік қолдау тетіктерінің ашықтығын, тиімділігін және икемділігін арттыруға бағытталған гранттық жүйені кең көлемде реформалаудың соңғы кезеңі болды.


«Реформа нормативтік-құқықтық базаны да, негізгі операциялық рәсімдерді де қамтып, неғұрлым икемді әрі әлеуметтік тиімділікке бағытталған қаржыландыру моделіне көшуді белгіледі. Қағидалардың жаңартылған редакциясы тұрақты әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізуге, барлық рәсімдердің ашықтығына және мүдделі тараптардың белсенді қатысуына назар аударады», – деп атап өтті ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде.

Осылайша, тәуелсіз сараптамалық бағалау енгізілді, оның нәтижелері бойынша шешімді оператордың, тапсырыс берушінің және ҰЕҰ өкілдері қатысатын конкурстық комиссия қабылдайды. Бұл формат субъективтілік тәуекелдерін азайтады және барлық мүдделі тараптардың қатысуын күшейтеді.

Конкурс нәтижелеріне енді сотқа жүгінбей-ақ әкімшілік тәртіпте дау айтуға болады, бұл рәсімдерге деген сенімді арттырады және шағымдарды қарау үдерісін жеделдетеді.

Жергілікті атқарушы органдар үш жылға дейін гранттар беру құқығына ие болды, бұл өңірлік әлеуметтік бас-тамалардың тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді жоспарлауына ықпал етеді.

Бағалаудың жаңа өлшемшарттарына сәйкес сапалы көрсеткіштерге – әлеуметтік әсерге, халықты қамтуға, аудиторияны тартуға және жобалардың нақты жүзеге асырылуына басымдық беріледі.



Қазақстан әлемдік қоғамдастықты халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын сақтауға шақырды

Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясында Қазақстан, Бразилия, Иордания, Қытай, Франция және Оңтүстік Африка елдерінің басшылары Халықаралық Қызыл Крест комитетімен бірлесе отырып, соғыстар кезінде адамгершілікті сақтау қажеттігі туралы мәлімдеме жасады.

ҚР Сыртқы істер министрінің хабарлауынша, мемлекет басшылары мәлімдемеде халықаралық гуманитарлық құқықтың бүкіл әлем бойынша жанжалдарда кең ауқымды бұзылуына және олар әкелетін адамзаттың елестете алмайтын азаптарына байланыс-

ты алаңдаушылық білдірді. Олар барлық мемлекеттер мен қарулы қақтығыстардың тараптарын бейбіт тұрғындарды, азаматтық объектілерді, сондай-ақ медициналық және гуманитарлық қызметкерлерді қорғауға қатысты нормаларды сақтауға шақырды.

Мемлекет басшылары 2026 жылы қарулы қақтығыстар жағдайында адамгершілік қағидаттарын нығайтуға арналған жоғары деңгейдегі жаһандық кездесу өткізетінін жариялады.

Мәлімдеме халықаралық гуманитарлық құқыққа саяси міндеттемені күшейту жөніндегі

Азаматтық қоғам Қазақстанның су проблемаларын шешуге тартылуда

XII Азаматтық форум қарсаңында су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесті. Іс-шараға Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ Басқарма төрайымы Лима Диас қатысты.

Ведомство басшысы министрліктің екі жылдық жұмысының қорытындысын ұсынды. Қоғам белсенділері мен ҰЕҰ өкілдері мониторинг мәселелерін, қоғамдық бақылау тетіктерін және су үнемдеу мәдениетін дамыту жөніндегі бірлескен жобаларды талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша Су ресурстары және ирригация министрлігінің жанынан үкіметтік емес сектормен

өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы шешім қабылданды.


«Біздің министрлік үкіметтік емес сектормен өзара іс-қимылды тиімді және тұрақты су саясатының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы, жаңа Су кодексі қоғамның суды басқаруға белсенді қатысуын мақсат етеді. Бассейндік кеңестер арқылы су пайдаланушылардың, бизнестің, экологиялық ұйымдардың және ғылыми топтардың өкілдері ықпал ету тетігін алды. Қоғамның рөлін күшейту – су мәселелері бойынша шешімдер тікелей жергілікті деңгейде проблемалармен бетпе-бет келген адамдардың пікірін ескере отырып қабылданады дегенді білдіреді», – деп атап өтті су ресурстары және ирригация

министрі Нұржан Нұржігітов.

Кездесу 15-16 қазан күндері Астанада өткізу жоспарланған 12-ші Қазақстан Азаматтық форумына дайындықтың екінші кезеңі аясында өтті. Форум дәстүрлі түрде Үкімет, ҰЕҰ, халықаралық құрылымдар, бизнес, сарапшылар мен академиялық қауымдастықтар өкілдерін біріктіре отырып, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы ашық диалог үшін ұлттық алаң ретінде қызмет етеді. Дайындықтың бірінші кезеңі барысында мамырдан қыркүйекке дейін еліміздің барлық 20 өңірінде өңірлік сессиялар өтті.

жаһандық бастаманы ілгерілету шеңберінде жасалды. Бастама халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын неғұрлым қатаң сақтау бойынша практикалық қадамдарды әзірлеуге бағытталған. Ол 2024 жылдың 27 қыркүйегінде Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 79-шы сессиясында алты бастамашы елдің сыртқы істер министрлері мен Халықаралық Қызыл Крест комитеті өкілдерінің кездесуі кезінде басталды. Бүгінде бастамаға 89 мемлекет қосылды, ал 130-дан астамы жеті негізгі бағыт бойынша жаһандық және өңірлік консультацияларға қатысты.

Бірлескен мәлімдеме әлемдік жұртшылықтың барынша хабардар болуын қамтамасыз ету үшін БҰҰ-ның алты ресми тілінде, сондай-ақ қазақ және португал тілдерінде жарияланды.





Қазақстан Орталық Азиядағы мүгедектігі бар әйелдердің құқықтары туралы халықаралық диалог алаңына айналды

Астанада «Орталық Азиядағы мүгедектігі бар әйелдердің мүдделерін ескере отырып, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу» атты халықаралық конференция өтті. Кездесуді «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығы, Орталық Азиядағы мүгедектігі бар әйелдер желісі ҚР Сыртқы істер министрлігімен, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен, Финляндияның «Кюннюс» қауымдастығымен және ЕҚЫҰ бағдарламалар офисімен бірлесіп ұйымдастырды.

«Конференция барысында Орталық Азия мүгедектігі бар әйелдер ұйымдарының жұмыс тәжірибесі таныстырылды, тақырыптық бағыттар бойынша талдау және мүгедектігі бар әйелдер мен қыздардың құқықтарын іске асыру тұрғысынан тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша ұсынымдар берілді», – деп хабарлады ҚР СІМ.

Қатысушылар алдында сөз сөйлеген ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Ольга Перепечина тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) болашаққа бағдарланған әмбебап күн тәртібі екенін атап өтті. Оның айтуынша, халықтың осал топтарының мүдделерін ескермей іске асыру мүмкін емес. Мүгедектігі бар әйелдер мен қыздар – бұл бүкіл әлем бойынша миллиондаған азаматтар, олар білімге, медицинаға, жұмыспен қамтуға және қоғамдық өмірге тең дәрежеде қол жеткізуі тиіс.

«Сондықтан біздің ортақ міндетіміз – ешкімнің назардан тыс қалуына жол бермеу», – деп атап өтті Ольга Перепечина.

ҚР СІМ ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Алуа Нәдірқұлова инклюзия қағидаттарын ілгерілету

және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу Қазақстан үшін негізгі басымдықтар болып қала беретінін атап өтті.

Конференция Орталық Азия елдерінің тұрақты даму мақсаттарын орындау жөніндегі халықаралық міндеттемелерін, сондай-ақ БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының және Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның ережелерін іске асыруда маңызды рөл атқарады. Бұл іс-шараның өткізілуі ЕҚЫҰ-ның Министрлер Кеңесінің шешімдерінде және Хельсинки қорытынды актісі және ЕҚЫҰ-ның 2004 жылғы Гендерлік теңдік жөніндегі іс-қимыл жоспарын қоса алғанда, ұйымның негізгі стратегиялық құжаттарында бекітілген адам құқықтары, гендерлік теңдік және инклюзия саласындағы басымдықтарды ілгерілетуге қосқан үлесін көрсетеді.

Қазақстанда ҮЕҰ үшін бірыңғай электрондық портал құру ұсынылды

Қазақстанның XII Азаматтық форумы қарсаңында мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Астанадағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесті. Кездесу Президенттің Ұлттық құрылтай отырысында айтылған тапсырмалары аясында өтті. Олар мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылын нығайтуға, сондай-ақ заңнаманы

және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетіктерін жетілдіруге қатысты. Ведомство басшысы атап өткендей, осы міндеттерді іске асыру үшін жұмыс топтары құрылды.

«Осы мақсатта министрлік құрамына өңірлік сарапшылар мен азаматтық сектор өкілдері кіретін жұмыс топтарын құрды», – деп мәлімдеді Аида Балаева.

Оның айтуынша, соңғы уақытта салалық министрліктердің басшыларымен ҮЕҰ қатысуымен онға жуық кездесу мен кеңес өтті. Бұл байланыстар өзекті мәселелердің шешімін табуға

мүмкіндік берді. Министрдің пікірінше, бұл кездесу азаматтық сектормен тығыз ынтымақтастықты нығайтуға жасалған тағы бір қадам болды.

Іс-шараға қатысушылар барлық жұмыс істеп тұрған ҮЕҰ мен қайырымдылық ұйымдары туралы ашық ақпаратты – қаржыландыру деректерін, мемлекеттік тапсырыстарды және жобаларды іске асыру кезеңдерін қамтитын бірыңғай электрондық портал (Е-ҮЕҰ) құруды ұсынды. Сондай-ақ азаматтық белсенділікті арттыру, волонтерлер қозғалысын ілгерілету және қоғамдық қақтығыстардың алдын алу үшін медиативтік тәсілдерді қолдану мәселелері талқыланды.

МАМ басшысының айтуынша, алдағы XII Азаматтық форум «қоғамдық институттар жүйесін қайта жаңғыртып, азаматтық қоғамның дамуына жаңа серпін береді».



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМДАРЫ: СЕНІМ МЕН СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ШЕЖІРЕСІ



Жақында Астанада биліктің, азаматтық сектордың, халықаралық институттар мен бизнестің өкілдері Қазақстанның XII Азаматтық форумын өткізді. Кездесуге қатысушылар экологиялық нормаларға, цифрлық технологияларға, заңнамалық бастамаларға және т.б. қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Бір қызығы, бұл форумдар 2003 жылдан бастап екі жылда бір рет ұйымдастырылады. Осы диалог алаңдарында әр түрлі бағыттар бойынша, оның ішінде билік пен ҰЕҰ арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі нығайту жөнінде нақты ұсынымдар әзірлеу бойынша орасан зор жұмыстар тұрақты негізде жүргізіліп тұрады. Азаматтық форумдарды өткізудің негізгі кезеңдері туралы осы шолудан оқыңыз.

Егеменді Қазақстанда форумдар құру туралы айтпас бұрын, билік пен халық арасындағы диалогтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы бар екенін атап өту қажет. Ата-бабалар негізін қалаған Ұлы

дала дипломатиясы әрдайым берік іргетасқа сүйенді, өйткені дәл сындарлы сын мемлекеттік саясаттың қолданыстағы нормаларын жетілдіруге мүмкіндік берді. Азаматтардың (ҰЕҰ емес, тікелей белсенділер мен танымал тұлғалардың) мемлекет алдындағы маңызды міндеттерді талқылауға және шешуге қатысуының айқын дәлелі – көшпелі дәуірдің өзінде өткізілген жалпыхалықтық съездер мен құрылтайлар. Отырықшы өмір салтына көшу барысында халықтың мемлекеттік саясатты жетілдіру ісіне қатысу үдерісі жаңа, неғұрлым терең мазмұнға ие болды. Осы уақытта үкіметтік емес құрылымдар қалыптаса бастаған еді. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінде азаматтық сектор мен билік органдары арасында диалог құру қазірдің өзінде қалыптасқан өзара іс-қимыл капсуласының жалғасы ғана емес, демократияның іргетасын қалау үшін түбегейлі маңызды қажеттілік болды.



ҚР І АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

Жарияланған дереккөздерге сәйкес, ҚР Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ҚР І Азаматтық форумы 2003 жылы өтті. Ол ҰЕҰ мен егемен мемлекет арасындағы көпірді қалыптастырудың бастапқы кезеңі болды және үкіметтік емес сектордың саяси тұрғыда мойындалуын білдірді. Дәл сол кезде, 22 жыл бұрын, форумдар 24 айда бір рет өткізілетіні анықталды. Мемлекеттік деңгейде алғаш рет ҰЕҰ-ны мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған республикалық және өңірлік бағдарламалары қабылданды. Бұдан басқа, әлеуметтік блок министрліктерінде, барлық облыс әкімдерінің, сондай-ақ Астана және Алматы әкімдерінің жанынан консультативтік-кеңесші органдар құрылды.

ҚР ІІ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

Билік өкілдерінің азаматтық сектормен келесі кездесуі 2005 жылы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев құттықтау сөз сөйлеп, алғашқы ҰЕҰ 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында құрылғанын айтты. Уақыт өте келе олардың саны бес мыңға дейін ұлғайды. ІІ Форумның мақсаты статистиканы анықтау емес, «үшінші» сектордың рөлін күшейту, бизнес -қауымдастықтарды, ҰЕҰ әр түрлі деңгейлерде тарту, заңнамалық базаны дамыту және т.б. болды. Осы кездесудің қорытындысы бойынша Қазақстанның Азаматтық альянсы құрылды.



ҚР ІІ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

ІІІ Азаматтық форум 2007 жылдың қазан айында өтті, онда қатысушылар 2006-2011 жылдарға арналған Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі міндеттерді орындау кезеңдерін талқылады. Бұл құжатты азаматтық қоғамның даму векторын қалыптастыру мәселелеріндегі басты мәселелердің бірі деп атауға болады. Бір қызығы, 2007 жылы кездесуге қатысушылардың саны бірінші және екінші форумдарға қатысқан 300 адамға қарсы 400-ден астам адамды құрады. Бұл диалог үдерісіне халық қызығушылығының артуының айқын дәлелі болды.

2009

ҚР IV АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

IV Азаматтық форумда (2009 жылғы қазанда), «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ қазіргі Басқарма төрайымы Айгүл Соловьеваның сұхбатында айтылғандай, жоғарыда аталған Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асырудың бірінші кезеңінің қорытындысы шығарылды. Мысалы, ҚР Конституциясына қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға тыйым салуды алып тастайтын өзгерістер енгізілгенін, «қоғамдық мониторинг» ұғымы Бюджет кодексінде ресми түрде бекітілгенін, сондай-ақ «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заң қабылданғанын ескере отырып, азаматтық секторды дамыту саласындағы сарапшылар Тұжырымдаманы іске асырудың бірінші кезеңі сәтті өткенін атап өтті. Бұған қоса, халықаралық ұйымдардың өкілдері еліміздің «үшінші» сектор мен биліктің сындарлы диалогын құрудағы озық тәжірибесін мысалға келтірді. Төртінші кездесу аясында бірнеше пікірталас алаңдары жұмыс істеді, сондай-ақ қатысушылар әлеуметтік маңызы бар жобаларды енгізу тәжірибесімен бөлісе алатын ҰЕҰ көрмесі ұйымдастырылды.

2011

ҚР V АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

Mемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қоғамдық сараптама жүргізу, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту және азаматтардың жергілікті жерлерде басқаруға қатысуын кеңейту, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырудың қолданыстағы тетіктерін жақсарту, қоғам мен мемлекеттің қатысуымен қайырымдылықты дамыту басымдықтарын бірлесіп қалыптастыру, қазақстандық меценаттық пен қайырымдылық дәстүрлерін қолдау және дамыту – осы және басқа да мәселелер 2011 жылдың қазан айында, ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу қарсаңында өткен V Азаматтық форумды өткізудің негізгі тақырыптарына айналды. Форум сонымен қатар егемендік жылдарындағы елдегі жетістіктер мен демократиялық реформаларды ілгерілетудегі үкіметтік емес ұйымдардың рөлін талқылады.



2013

ҚР VI АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

VI кездесу «Қазақстан-2050» стратегиясының туы астында өтті. Қатысушылар Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар санының өсуін, олардың ықпалының күшеюін және қоғамдық өмірге қатысудың кеңеюін, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың оң серпінін атап өтті. Талқылаудың негізгі тармақтарының бірі «Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау туралы» Заң жобасын әзірлеу болды. Қатысушылар сондай-ақ құқықтық базаны жетілдіру, ҰЕҰ қолдауға бизнесті тарту және гранттар беру рәсімдерін оңайлату қажеттігіне назар аударды.

«Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінде азаматтық сектор мен билік органдары арасында диалог құру қазірдің өзінде қалыптасқан өзара іс-қимыл капсуласының жалғасы ғана емес, демократияның іргетасын қалау үшін түбегейлі маңызды қажеттілік болды»

2016

ҚР VII АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

Форум қорытындысы бойынша азаматтық секторды одан әрі дамыту бойынша ұсынымдары бар қорытынды құжат қабылданды. 2016 жылғы қарашада ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу аясында өткен VII форумның қорытындысы бойынша елде 18 мыңнан астам ҰЕҰ тіркелгені, сегіз мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар белсенді жұмыс істеп жатқаны жарияланды. Алдыңғы жылдардағыдай азаматтық сектордың жетістіктері көрмесі ұйымдастырылды.



2018

ҚР VIII АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

Қазақстанның VIII Азаматтық форумы «Азаматтық қоғам және мемлекет: Диалог. Серіктестік. Сенім» тақырыбында 2018 жылдың қараша айында өтті. Сол кезде форумға қатысушылар Қазақстанның Азаматтық альянсы әзірлеген Қазақстан Республикасының 2019-2025 жылдарға арналған тұрақты және тиімді даму тұжырымдамасының жобасымен танысты. Форум аясында семинарлар мен шеберлік сыныптарынан бастап дөңгелек үстелдерге, министрліктер мен ведомстволардың өкілдерімен пікірталастар мен салалық кездесулерге дейін түрлі форматтағы 35 тақырыптық сессия өтті. ҰЕҰ арасынан қатысушылар қоғам үшін маңызды тақырыптарды талқылап қана қоймай, сонымен қатар нақты әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған өз ұсыныстарын енгізуге мүмкіндік алды. Сессия тақырыбы мемлекеттік органдардың жұмысын жаңғырту, медианы дамыту және ашықтықты қамтамасыз ету, экология және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік кәсіпкерлік пен инновацияларды қолдау, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ белсенді азаматтық қоғамды қалыптастырудағы білім беру мекемелерінің рөлін қоса алғанда, өзекті мәселелердің кең ауқымын қамтыды.



ҚР ІХ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

«Қоғам және мемлекет: «Birgemiz» – 30 жылдық серіктестік пен даму» атты ІХ форум 2020 жылдың қараша айында өтті. Коронавирустық инфекцияның пандемиясына байланысты ол онлайн режимінде өтті. Кездесуді өткізудің осындай форматына қарамастан, қатысушылар талқылауға шығарылған, оның ішінде ҚР тәуелсіздігінің алдағы 30 жылдығын ескере отырып қалыптастырылған барлық мәселелерді қамти алды. Негізгі тақырыптардың қатарында: елдің экономикалық әлеуетін ашу, экономикадағы бизнестің рөлін күшейту, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу, осы бағыттар бойынша мемлекет пен үкіметтік емес сектордың өзара іс-қимылы болды.



ҚР Х АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

Мерейтойлық, Х Азаматтық форум 2021 жылдың қараша айында – еліміздің егемендігінің мерейтойын мерекелеу қарсаңында өтті. Форум басталардан бірнеше күн бұрын ұйымдастырушылар ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында брифинг өткізіп, онда: ҚР тәуелсіздігінің 30 жылында ҰЕҰ саны 100-ден 22 мың ұйымға дейін ұлғайғанын, ал мемлекеттік әлеуметтік әріптестік тетіктері арқылы мемлекеттік инвестициялар, ҰЕҰ жұмысын қолдауға арналған гранттар мен сыйлықақылар көлемі жалпы алғанда 140 млрд. астам теңгені құрағанын хабарлады. Мерейтойлық кездесудің өзі екі – Астанада және Алматыда онлайн және офлайн форматтарында өтті, бұл қатысушылар санын 20 мың адамға дейін кеңейтуге мүмкіндік берді. Форум қорытындысы бойынша қатысушылар үкіметтік емес ұйымдар секторын одан әрі дамытуға және қоғамның әр түрлі секторлары арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жақсартуға бағытталған ұсынымдар мен ұсыныстар әзірледі.





2025

ҚР XII АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

XII Азаматтық форум (2025 жылғы 16-17 қазанда өткен) инновациялар мен технологиялар, цифрлық трансформация, ТКШ жаңғырту, инклюзия, отбасы институты сияқты және т.б. мәселелерді талқылау бойынша бірегей алаңға айналды. Форум ашық диалог орны болып жарияланды; министрлердің ҰЕҰ өкілдерімен кездесулері өткізілді; ынтымақтастықты, әсіресе өңірлік деңгейде жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірленді; Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының екінші кезеңін іске асыру мәселелері қаралды. Әрбір сессия тек пікір алмасуға ғана емес, мемлекеттік саясатқа әсер ететін нақты ұсыныстар мен бастамаларды әзірлеуге бағыттады. Қатысушылар тұрақты даму, медиация, экожобалар, цифрлық басқару және адами капиталды дамыту саласындағы үздік отандық және халықаралық тәжірибелерге қол жеткізді, бұл оларға тиімді тәжірибе мен идеяларды қабылдауға мүмкіндік берді. Форум сонымен қатар ынтымақтастықты нығайтуға арналған кеңістікке айналды: ҰЕҰ, мемлекеттік құрылымдар, бизнес және сарапшылар арасында жаңа серіктестіктер құрылды. Ең бастысы, әрбір қатысушы сөйлеуге, идеяларды ұсынуға және «Әділетті Қазақстан» саясатын қалыптастыруға үлес қосуға, ұсыныстарды айтудан бастап нақты нәтижелерді көрсетуге дейін қадам жасауға мүмкіндік алды.

Бүгінгі таңда Қазақстанның азаматтық секторы шағын, нашар ұйымдастырылған және қаржылық жағынан шектеулі ҰЕҰ-дан жетілген және тұрақты қоғамдастыққа дейінгі жолдан өтті. Бұл күні ол – мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне белсенді қатысатын және өмірдің әр түрлі салаларында әлеуметтік қызметтердің едәуір бөлігін орындайтын кәсіби дамыған сектор. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 23 мыңнан астам ҰЕҰ тіркелген, оның 18 мыңнан астамы белсенді жұмыс істейді. Олар білім, ғылым, ақпарат, спорт, дене шынықтыру және басқа салаларды қамтиды.

ҚР XI АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ

2023 жылдың қазан айында өткен XI кездесу, бейнелеп айтқанда, еліміздің 20 өңірінің барлығында өңірлік форумдарды өткізудің бастамасы болды. Егер бұрын барлық талқылаулар мен ұсыныстар тек республикалық деңгейде және шектеулі адамдар тобының қатысуымен қалыптасқан болса, онда 2023 жылы бүкіл елден көптеген қатысушылар үдеріске қосылды. Сөз сөйлеуге, идеяларымен бөлісуге және өз ұсыныстарын бұрынғыдан ондаған есе көп енгізуге мүмкіндік алған азаматтық қоғам өкілдерінің саны да айтарлықтай өсті. Жергілікті жерлерде ҰЕҰ өкілдері әзірлеген барлық бастамалар Астанаға қорытынды талқылауға берілді. Келіп түскен ұсыныстар мен ескертулер негізінде 2030 жылға дейінгі Азаматтық қоғам тұжырымдамасына өзгерістер енгізілді. Форумның «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін – азаматтық қоғам дамуының басты бағыты» атты тақырыбы мемлекеттік басқару және қоғамдық даму үдерістерінде әрбір азаматтың мүдделері ескерілетін неғұрлым инклюзивті, ашық және әділетті қоғам құруға ұмтылысты көрсетті. Ол тең мүмкіндіктердің, әлеуметтік әділеттіліктің, азаматтардың шешім қабылдауға қатысуының басымдығын, сондай-ақ реформаларды іске асыруда және биліктің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуде үкіметтік емес ұйымдардың рөлін күшейтуді атап өтті.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЬЯНСЫНА – 20 ЖЫЛ: ИДЕЯДАН ҰЛТТЫҚ ДИАЛОГ ПЛАТФОРМАСЫНА ДЕИІНГІ ЖОЛ


Қазақстанда үкіметтік емес сектордың белсенді дамуының басталуымен елде ҰЕҰ қызметін үйлестіру бойынша бірыңғай платформа құру қажеттілігі туындады. Осылайша, 2005 жылы «Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЗТБ (ҚАА) құрылды. Бұл оқиға II Азаматтық форумды өткізу кезінде орын алды. Биыл бұл бірлестік мерейтойын – 20 жылдығын атап өтуде. Қалыптасу жылдарында ҚАА үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет арасындағы берік көпірге айналды, оның ішінде заңнамалық бастамалардың бастамашысы болды. Бірақ бәрі туралы рет-ретімен.





БӘРІ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Қазақстан азаматтық қоғамды тиімді басқарудың негізгі элементі ретінде дәйекті түрде дамытып келеді. 1990 жылдардан бастап үкіметтік емес ұйымдар (ҰҰ) стихиялық бастамалардан әлеуметтік маңызды міндеттерді шешуге қатысатын жүйелік институттарға дейін жолдан өтті. Үкіметтік емес сектордың дамуының іргетасын қалаған алғашқы қадам – 2003 жылдың қазан айында өткен I Азаматтық форум болды. Бұл кездесу үкіметтік емес ұйымдар мен биліктің одан әрі өзара іс-қимылының траекториясын анықтап қана қоймай, сонымен қатар жүйелі диалог үдерісін іске қосты. Сол кезде, 22 жыл бұрын, бұл үдеріс «қолшатыр» құрылымынсыз мүмкін емес екені түсінікті болды. Альянс құрылған алғашқы күндерден бастап оның қызметінің негізгі міндеттері елдегі үкіметтік емес секторды қолдау мен дамыту, ҰҰ жұмысының сапасын арттыру, азаматтық бастамаларды іске асыруға қолайлы жағдай жасау, қоғам, бизнес, мемлекет және халықаралық ұйымдар арасындағы әріптестікті нығайту, қоғамдық кеңестердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ елімізде демократия қағидаттарын орнықты ілгерілету үшін барлық қатысушылардың күш-жігері мен әлеуетін біріктіру болды. Әрі қарай – көбірек. 2023 жылы XI Азаматтық форумды өткізу кезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «үкіметтік емес ұйымдар мен қайырымдылық қорлары, ел тағдырына бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар мен еріктілер қоғамның өзекті мәселелерін шешуге барынша қатысады. Олар ынтымақтастық пен шынайы патриотизмнің озық тәжірибесін көрсетеді, елімізде бірлік пен бейбітшілікті сақтауға үлкен үлес қосады». Мұның бәрі өз қанатының астына бірнеше мың ҰҰ жинаған Альянстың арқасында мүмкін болғаны түсінікті.



СӨЗДЕН ІСКЕ КІРІСУ

Күнделікті өмірде өз ісіне толық берілген адамдарды қаншалықты жиі кездесесіз? Келісесіз бе, мұндай адамдар аз. Және олардың әрқайсысы – алтынға тұрарлық. «Ісіне берілген» қоғам қайраткерлері қатарында Қазақстанда танымал экобелсенді, инвестор, ментор, «Жасыл Алматы» жобалық офисінің басшысы Евгений Мухамеджанов бар. Жеті жылдан астам уақыт бойы ол экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу процестеріне елеулі үлес қосып келеді, сондай-ақ қаланың және елдің тағдырына бей-жай қарамайтын осындай белсенді азаматтарды осы бастамаларға тартуда. Айта кетерлігі, оның барлық идеялары «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының идеологиясымен үндеседі.

– Бұл батыл қыздың есімі Асыл Аңсатбай, ол Қосөзен ауылының №50 мектебінің оқушысы. Асыл біздің экохабта болу үшін 60 шақырымды жүріп өтті. Қонағымыз құр қол келмеді – ол пластикалық бөтелкелерді әкелді. Ол мектебінде экожоба жүргізеді. Біз, әрине, оны мейіріммен қарсы алдық. Хаб қалай жұмыс істейтінін, қандай фракцияларды қайта өңдеуге тапсыруға болатынын және ең бастысы – шынымен экологиялық таза адам болудың жолдарын айтып бердік, – дейді Евгений Мухамеджанов, мектеп оқушысымен бірге түскен суретін көрсетіп.

Қазақстанда Асыл Аңсатбай сияқты адамдар өте көп деп сенімді экобелсенді, бірақ олардың көпшілігі өз қабілеттерін





көрсете алмайды, өйткені елдің көп елді мекендерінде экокостар жоқ. Бірақ бұл проблема Евгений Мухамеджановтың жеке қатысуымен шешіледі. Айта кету керек, оның экологиялық жолы үлкен акциялардан емес, қарапайым тілектен басталды: «алдымен, өз үйінде, содан кейін ауласында, кейін ауданында тазалық орнату». Қор биржасы саласындағы көп жылдық жұмысынан кейін, бір күні инженер-экономист барлық білімін, тәжірибесін және материалдық мүмкіндіктерін қоршаған ортаны қорғауға мүдделі адамдар үшін дұрыс инфрақұрылым құру процесіне бағыттауға шешім қабылдады. Осылайша, Алматыда қалдықтарды жинаудың арнайы нүктелері пайда болды. Уақыт өте келе бастама жүйелі сипатқа ие болды: шағын қадамдармен бүкіл қалалар мен жүздеген қатысушыларды қамтитын жоба құрылды. ECO Network жобасы – экокелсендінің төл бастамасы – оның аясында компаниялар, оқу орындарының өкілдері, шенеуніктер мен қоғамдық қайраткерлер бірігіп жұмыс істейді. Олардың барлығын тұрақты даму, қалдықтарды қайта өңдеу, «жасыл» технологияларды енгізу мақсаттары біріктіреді. ECO Network бірнеше бағыттарды («Жасыл мектеп», «Жасыл кеңсе», бизнеске арналған экокелгішелер және т.б.) ұсына-тынын ескеру маңызды. Мысалы, экокәб – бұл адамдар пластик, шыны және басқа да

қалдықтарды әкеліп, шеберлік сабақтарына қатысып, қайта өңделген ресурстардың қалай пайдаланылатынын көріп, стартаптар мен экологиялық өнім өндірушілердің бастамаларымен таныса алатын офлайн кеңістік.

– Бүгінде біздің кейіпкеріміздің бастамасы Қазақстанның тоғыз қаласын қамтиды. Сонымен қатар, ECO Network мобильді қосымшасы іске қосылды, ол қызметкерлерге экокөин-дар табуға және компания ұйымдастыратын байқауларға қатысуға мүмкіндік береді.

– Бұл – біздің өнімдеріміздің каталогы, – дейді экокелсенді баға парағының элек-тронды нұсқасын көрсетіп. – Көріп отырғаныңыздай, біз қалдықтарды сұрыптауға арналған бокстар жасап шығарамыз. Бұл ретте өнімдердің өзі қайта өңделген пластиктен жасалған. Айта кетерлігі, шығарылатын өнімдердің желісі өте кең: кішкентай бұйымдардан бастап ірі тауарларға дейін. Бізде ұлттық стильдегі






зергерлік бұйымдар, сағаттар, шырша ойыншықтары және орындықтар бар. Әрбір өнім бүгінде қайта өңдеу жүйесінің белсенді дамып келе жатқанын айқын дәлелдейді, онда материалдар қайта өңдеу циклінен өтіп қана қоймай, сонымен қатар экономикалық айналымға оралады, – дейді сұхбаттасушы.

ECO Network экологиялық жауапты бизнесті, мемлекеттік органдарды және азаматтық қоғамды байланыстыратын маңызды алаңға айналды; ол оқыту бағдарламаларын, экофорумдарды және жыл сайынғы «Экодиректорлар Meet-Up» шарасын өткізіп, жүздеген қатысушыларды жинайды. 2024 жылы жобаның қызметі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғары бағасына ие болды, ол команданың экомәдениетті насихаттауға және табиғатқа саналы көзқарасты қалыптастыруға қосқан үлесін ерекше атап өтті. Қазіргі уақытта ECO Network Қазақстанның оннан астам қаласында жұмыс істейді, еліміздің тұрақты, таза және экологиялық болашағын құру үшін мыңдаған адамдардың күш-жігерін біріктіреді.



– Біздің жоба – бұл кәсіпқойлардың командалық жұмысының нәтижесі. Біз елді жақсартқысы келетін мамандарды іздеп, тартамыз. Бүгінгі күні біздің командада және серіктестігімізде ағылшын тілін жетік меңгерген және халықаралық тәжірибесі бар халықаралық ұйымдардың өкілдері еңбек етуде. Және біз бәріміз позитивті көңіл-күймен жұмыс істейміз, себебі болашақ бүгіннен басталатынын жақсы түсінеміз, – деп атап өтті ECO Network басшысы.

Евгений Мухамеджанов жиі айтып жүретіндей, Қазақстандағы экология проблемалары тек қана қалдықтардың көптігі немесе судың ластануы ғана емес, қоғам мен бизнестің жеткілікті түрде қатыспауы, заңнаманың әлсіз немесе формалды түрде жұмыс істеуі, сондай-ақ табиғатқа деген қарым-қатынас мәдениетінің жеткілікті қалыптаспауында жатыр. Оның пайымдауынша: «Басты экологиялық сын-тегеурін – экологиялық заңнаманы жұмыс істейтін, пәрменді күйге келтіру». Жасыратын несі бар? Өкінішке қарай,



елімізде заңсыз қоқыс алаңдарынан, ауаның ластануынан бастап, дамымаған қайта өңдеу жүйесімен және халықтың экологиялық акцияларға әлсіз қатысуымен аяқталатын елеулі экологиялық сын-қатерлер бар. Кәсіпкердің қызметі табиғатқа деген жаңа көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі: оны тек бизнес немесе өмірдің аясы ретінде емес, сақтап, ұқыпты пайдалану қажет ресурс ретінде қарастыру. Сонымен қатар, оның бастамалары практикалық жолды айқын көрсетеді: мемлекет бәрін жасайды деп күтпей, бизнесті, азаматтарды, мектептерді біріктіретін платформалар құру арқылы мәдениетті, процестер мен стандарттарды жетілдіруге бағытталған өзгерістер енгізу.

Евгений Мухамеджановтың пікірінше, Қазақстанда «жаңа экобағдарламаларды» белсенді түрде құру қажет. Өзі жеке жобалардың географиясын кеңейтуді, заманауи форматтарды енгізуді (мысалы, қала бойынша қайталама шикізатты тапсырып, белсенді қатысу мүмкіндігін беретін мобильді экотректер) және бизнестің тұрақты даму бағытындағы әсерін күшейтуді жоспарлап отыр.

Біздің әңгімемізде маңызды экологиялық жобаның негізін қалаушы және жетекшісі жастарды тарту және экохабтарды балалар өз әрекеттерімен отбасылар мен қоғамды шабыттандыратын экологиялық мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде қолдану туралы айтып берді және ол ECO Network аясында жүздеген компаниялар мен оқу орындары экостандарттарды енгізіп жатқанын, бұл жобаның Мемлекет басшысының деңгейінде мойындауға ие болғанын және экологияны сұрыптау мен экоағарту тек инфрақұрылымдық жобалар емес, тұтыну мен қалдықтарға жаңа саналы көзқарас қалыптастыратын күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде қарастыратынын атап өтті.

Эпилог орнына айтарымыз: Евгений Мухамеджанов – жеке бастаманың дұрыс ұйымдастырылып, кең ауқымда жүзеге асуы қоғамдағы экологиялық өзгерістердің маңызды факторы бола алатынының жарқын мысалы. Оның қызметі экология – тек әдемі ұрандар ғана емес, практикалық тетіктер, түрлі секторларды тарту, әдеттер мен қағидаларды өзгерту, экологиялық мәдениетті өз тәжірибесі арқылы қалыптастыру екенін көрсетеді.

Александр Червяков және Анна Лебедева:

Ақкөлде

ТУҒАН АРМАН



Ақмола облысында, Ақкөл шағын көркем қаласында ерлі-зайыптылар Александр Червяков пен Анна Лебедева өз үйлерінде балаларға арналған шаңғы базасын ұйымдастырды. Олар шаңғы жарысы мен биатлоннан спорт шеберлері, бұрын ҚР Ұлттық құрамасының атынан қатысқан, әлем чемпионаттарына, Әлем кубогы мен Олимпиада ойындарына қатысқан, ал бүгінде жаттықтырушылар мен тәлімгерлер. Спорттық мансаптарын аяқтағаннан кейін олар Отанында қалып, бұл үшін жағдай мүлде жоқ сияқты көрінген жерде қысқы спортты дамытуды ұйғарды.

НӨЛДЕН БАСТАУ

«Біз өз жолымызды ешқандай жағдайсыз, нөлден бастадық. «Қазір бізде 50-ден астам бала жаттығады, олардың 20-дан астамы ересектер спорттық дәрежесіне ие», – деді Анна.

Анна мен Александрдың тарихы – жай ғана спорт жайлы әңгіме емес. Бұл – өз ісіне деген сенімнің,

адалдық пен махаббаттың тарихы. Алғашқы жаттығуларын олар Ақкөлде дәл далада, ашық аспан астында, қар мен желге қарамастан өткізді. «Шынында да, ешқандай жағдай болмады, бірақ өз тәжірибемізді жас ұрпаққа жеткізуге, қаламыздың балаларынан мықты спортшылар тәрбиелеуге, сондай-ақ Ақкөл тұрғындарының толыққанды дене дамуы мен сауықтыруына үлес қосуға деген үлкен ниет болды», – деп еске алды ерлі-зайыптылар.

Бүгінде олардың тәрбиеленушілерінің арасында шаңғы жарысы мен биатлоннан облыстық жарыстардың жүлдегерлері, республикалық старттардың қатысушылары бар. Алайда бұл нәтижелердің артында Анна мен Александрдың күн сайынғы маңдай тер еңбегі, өз қолдарымен атқарған жұмысы жатыр.

«Әр қыс сайын шаңғы трассасын өзіміз дайындаймыз, жеке қарда жүргішіміз бар, оны да өз қаражатымызға жанармаймен қамтамасыз етеміз. Біз жолды төсеу үшін жабдықты өзіміз дайындаймыз», – деп қосты Анна.

ЖЕКЕ ҮЙДЕГІ ШАҢҒЫ БАЗАСЫ

Ең таңқаларлығы – Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері Ақкөлде шаңғы базасы болған емес. Анна мен Александрдың Щучинск немесе Көкшетауда, шаңғы спорты жақсы дамыған өңірде жұмыс істеу



«Бүгінде Анна мен Александр алты баланы тәрбиелеп, ата-ана мен жаттықтырушылық жұмысты үйлестіруге тырысады»

мүмкіндігі болғанына қарамастан, олар Ақкөлде қалуды таңдады. Олар осы қалада табиғи көркемдіктер болса да, шаңғы спортымен шұғылдануға жағдай жоқ екенін жақсы түсінді, бірақ мұнда шаңғы жарыстарын, кейінірек биатлонды қайта жандандыра алатынына сенді.

«Ашық аспан астында екі жыл өткізгеннен кейін біз мемлекеттен көмек күтудің мәні жоқ екенін түсіндік. Сол кезде мәселені өз күшімізбен және жеке қаражатымызбен шешу идеясы туындады. Осы сәтте бізде Александрдың ата-анасының үйі босап, біз оны сатпауға, уақытша шаңғы базасын жасауға шешім қабылдадық. Жөндеу және қайта жабдықтау үшін бізге бірнеше ай және айтарлықтай ақша қажет болды. Бақытқа орай, біздің топтың ата-аналар комитеті бізді көмексіз қалдырмады. Жөндеу жұмыстарын өз қолымызбен және тәрбиеленушілеріміз бен олардың ата-аналарының



қатысуымен орындадық, шығындардың басым бөлігін олар өз мойнына алды. Біз оларға бұл үшін шексіз ризамыз», – деп бөлісті Анна.

Енді бұл үй – тек жаттығу алаңы емес. Бұл – балалар уақыт өткізетін, араласатын, пайдалы және спорттық әдебиеттерді оқитын, қабырға газеттерін жасайтын, өз жобаларын құратын, мерекелер мен туған күндерді тойлайтын орын. «Базаға келгенде балалар тіпті кеткісі келмейді!», – деп күлімдеді ол.

Ақкөл тұрғындары, өз кезегінде, Анна мен Александрды балалармен жүргізген жұмыстары үшін рухани қолдап, алғыс айтады.

ОТБАСЫ = КОМАНДА

Анна мен Александр жиырма жыл бірге. Олар биатлоннан Қазақстан ұлттық құрамасында танысты. Олар Олимпиада чемпионы Владимир Михайлович Смирновтың бастамасымен шаңғы жарысынан командаға шақырылды.

«Біз екеуіміз де бұрын шаңғы жарысшылары болдық, жаттығуға және спортқа деген көзқарасымыз ұқсас әрі ортақ. Екеуіміз де мықты биатлоншы болуды, үлкен спортта жоғары нәтиже көрсетуді армандадық және бұл ретте әрдайым бірге болғымыз келді. Біздің қарым-қатынасымыз басталғанда, бір-бірімізге тірек болып, барынша қолдау көрсеттік, бос уақыттың бәрін бірге өткізіп, бір-бірімізде күннен-күнге көбірек ұқсастықтар таптық. Екеуіміз де ауыл өміріне жақын екеніміз белгілі болды, біз өз үйіміз бен үлкен отбасы жайлы армандадық. Бүгінгі күнге дейін біз бір бағытта қозғалып келеміз, ең бастысы – бір арманға көз тігіп отырмыз», – деп мойындады жаттықтырушы.



Бүгінде Анна мен Александр алты баланы тәрбиелеп, ата-ана мен жаттықтырушылық жұмысты үйлестіруге тырысады. «Тіпті біздің балаларымыздың әжесі де барлық уақытын бізге арнап, кішкентай балаларымызға қарап, бізге толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – деп бөлісті олар.

Ерлі-зайыптылар барлығын бірге істеуге тырысады. Александр шаңғыны дайындау, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу, шаңғыны майлау сияқты техникалық сәттерді өзіне көбірек алады. Бұл істе ол тәжірибелі маман, өйткені көптеген жылдар бойы Қазақстан ұлттық құрамасында жаттықтырушы-сервисмен болған. Анна көбінесе балалармен тікелей жұмыс істейді, олармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасайды, командада достық жұмыс ахуалын қолдайды, сонымен қатар жаттығу процесін жоспарлайды.

Александрдың кейде бір ай немесе одан да ұзақ мерзімді іссапарлары болады, осы уақытта Аннаға барлық жұмысты, соның ішінде қарда жүргішпен трассаны дайындауды өз мойнына алуға тура келеді.

«Физикалық жағынан бұл оңай емес, бірақ біз үмітімізді үзбей, ісіміздің игілігі үшін бар күшімізді саламыз», – деп қорытты Анна.

БӘРІ АРМАННАН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі уақытта олардың тобында 50-ден астам бала жаттығуда. «Біздің балалар қабілетті, талантты, еңбекқор. Олардың көпшілігінің спортта жақсы әлеуеті, ең бастысы – табысқа жетуге деген үлкен ұмтылысы бар», – деп атап өтті Анна.

Жаттықтырушылар ешкімді ерекше бөлгісі кел-



«Мемлекет немесе демеушілер тарапынан қаржылық қолдау өте жетіспейді. Біздің база – бұл жай ғана күтіп-баптауға және жылытуға арналған үй, ал бұл – шығындар»

мейді – әр оқушы олар үшін ерекше. Әркімнің өз күшті жақтары, мақсаттары бар. Тәлімгер ретінде олардың міндеті – олардың талантын дәйекті, біртіндеп және тұрақты дамыту. Нәтижелер көп күттіртпейді.

Бірақ олар жасырмайды: жалғыз арман-тілек жеткіліксіз. Жетістік көптеген құрамдас бөліктерден тұрады – база, жарыс құралдары, оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға шығу. Мұның бәрі айтарлықтай қаражатты қажет етеді, әзірге ол жетіспейді.

«Мемлекет немесе демеушілер тарапынан қаржылық қолдау өте жетіспейді. Біздің база – бұл жай ғана күтіп-баптауға және жылытуға арналған үй, ал бұл – шығындар. Трассаны дайындау үшін

бізге жаңа қарда жүргіш қажет, біздікі қазірдің өзінде тозған, өйткені ол 20 жастан асқан. Біздің балаларымыздың спорттық деңгейі артып келеді және сапалы дайындық үшін Щучье ұлттық қысқы спорт түрлері орталығы сияқты спорттық базаларға шығу керек», – деп түсіндірді Анна.

Оның айтуынша, жақсы заманауи база ықшам, бірақ функционалды болуы керек. Ең бастысы – жылы киім ауыстыратын бөлмелер, тауар-материалдық құндылықтарды сақтауға және дайындауға арналған бөлме және төрешілер жиналысына арналған зал. Сондай-ақ, жалпы дене шынықтыру дайындығын өткізу үшін спорттық көше алаңы қажет.

Болашақта ерлі-зайыптылар тәрбиеленушілері үшін жайлы жағдай жасау ғана

емес, Ақкөлді шаңғы қозғалысының нағыз орталығына айналдырып, онда кез келген деңгейдегі жарыстар, соның ішінде республикалық чемпионат та өткізілгенін қалайды.

«Барлығы кішкентай арманнан басталады. Мен жақын арада балаларды, сондай-ақ ересектерді жүйелі жаттығуларға тартқым келеді. Ақкөлде ондаған ғана емес, жүздеген әр түрлі жастағы шаңғышылардың жақсы трассаларда жаттығып жүргенін көргіміз келеді. Жайлы база, жарықтандырылған шаңғы-жүгіріс трассасы болса екен, түнгі уақытта да жаттығуға мүмкіндік болар еді, өйткені қыста жарық күні өте қысқа», – деді жаттықтырушы.

Сонымен қатар, Анна мен Александр бәріне қолжетімді салауатты өмір салты үшін жағдай жасауға ұмтылады.

«Осындай ұзақ қарлы қыс болатын Қазақстанның солтүстік және шығыс бөліктерінде адамдар үшін салауатты, белсенді өмір салтын дамыту, атап айтқанда шаңғы спортымен айналысу үшін барлық жағдайлар жасалғанын қалаймын. Әрине, бұл жағдайлардың барлығы халықтың көп бөлігі үшін қолжетімді болуы керек. Өйткені дені сау халық – ел экономикасына қосар үлес», – деп бөлісті Анна.

Ал, олардың басты арманы – Қазақстанды дәріптейтін жаңа атақты шаңғышыларды тәрбиелеу. «Арманыма жетуге жеткілікті күш-қуат болғанын қалаймын, шәкірттерімді халықаралық ареналарда өз көзіммен көргім келеді. Сол кезде ғана мен босқа өмір сүрмегенімді түсінемін», – деп түйіндеді ол.

Қайыржан Әбдіхалықов:

УНИВЕРСИТЕТ КАФЕДРАСЫНАН АЗАМАТТЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҚҚА ЖОЛ

НЕЛІКТЕН ПРОФЕССОР ЖӘНЕ ESG САЛАСЫНЫҢ САРАПШЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫН
ТАҢДАДЫ



Жаңалықтар жылдам өзгертін мегаполистің шулы ортасында бәсең, бірақ сенімді сөйлейтін адамдар бар, сондықтан оларды тыңдайды әрі естиді. Олардың қатарында Қайыржан Әбдіхалықов – Almaty Azamattyq Alliance төрағасы, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, PhD, ESG және тұрақты даму мақсаттары бойынша сарапшы, бизнес-консультант және педагог. Егер бейнелі түрде айтсақ, ол бұрын қатарлас болып көрінген әлемдер арасында көпір салатын сәулетші.

курс авторы ретінде Қайыржан Әбдіхалықов бизнес, қоғам және мемлекет байланысының мәнін жақсы біледі. Сөйтіп, 39 жасқа таяғанда, педагог тағдырын ҮЕҰ қауымдастығымен тығыз байланыстырды.

БӘРІ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ

Сұхбаттасушының айтуынша, ол «үшінші» секторға азаматтық белсенді, сарапшы және басшы ретінде ғана емес, сонымен қатар азаматтық бастамаларды белсенді ілгерілету және қоғамның әлеуетін нығайту арқылы елімізді өзгертуге ұмтылатын адам ретінде келді. Бүгінде Қайыржан Саясатұлы Almaty Azamattyq Alliance төрағасы, Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамнан мүдделі тараптардың ұлттық кеңесі өкілдерінің қатарына кіреді, сондай-ақ көптеген республикалық алаңдарда сарапшы болып табылады және Азаптаулардың алдын алудың ұлттық алдын алу тетігінің мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, ол азаматтардың, оның ішінде әлеуметтік құқықтар мен бостандықтардың құқықтық енгізілуіне байланысты мәселелерді қадағалаушылардың бірі.

– Almaty Azamattyq Alliance төрағасы ретіндегі алғашқы күнім осы күнге дейін есімде. Бұл 2023 жылдың 30 қаңтарында болды. Жыл сайын 27 ақпанда атап өтілетін Халықаралық ҮЕҰ күнін өткізуге шамамен бір ай қалған еді. Сондықтан менің алғашқы

Қайыржан Әбдіхалықов бала кезінен көшбасшылық қасиеттерін көрсетіп, ұйымдастыруды жақсы көріп, бастамашыл болды: мектеп пен студенттік жылдары оқу орындарының қоғамдық өміріне белсенді қатысты. Еңбек жолын ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аудиторияларынан бастады, қазір Қазақстан-Британ техникалық университетінде профессор болып жұмыс істейді. Оның оқытушылық қызметі менеджмент, халықаралық экономикалық қатынастар және тұрақты даму курстарын оқытумен байланысты. Бір күні ол студенттерге дәріс мінберінен жеткізетін қағидалар төрт қабырғамен шектелмей, қоғамның... азаматтық қоғамның игілігіне қызмет етуі керек екенін түсінді. Нәтижесінде тұрақты дамуға ғылыми қызығушылық нақты жобаларға айналды. Бірақ олар туралы сәл кейінірек. Тек айтарымыз: MBA және бакалавриат бағдарламалары үшін ESG бойынша екі университеттік

міндетім алдағы мерекені ұйымдастыру болды. Сонымен қатар жалпы жағдайды терең зерделеуге кірістім: Алматыда қанша ҮЕҰ жұмыс істейді, қандай бағыттарда қызмет атқарады, яғни келешек ынтымақтастық үшін байланыс орнату қажет негізгі сектор ойыншыларын анықтадым, – деп еске алады сұхбаттасушы.

Алматыда «Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру: заманауи сын-тегеуріндер мен оларды азаматтық қоғаммен шешу мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша Азаматтық форумды ұйымдастыру және өткізу оңтүстік астана альянсының басшысы үшін алғашқы «жауынгерлік қадамы» болды. Әрине, мұның бәрі қатты толғандырды. Форумға 400-ге жуық қатысушы жиналды: ҮЕҰ өкілдері, мемлекеттік органдар, азаматтық белсенділер, мәслихат депутаттары, халықаралық және республикалық сарапшылар, еліміздің бірнеше өңірінен халықаралық ұйымдардың өкілдері. Үлкен кездесудің нәтижесінде ұсынымдардан тұратын Қарар қабылданып, ол 2023 жылғы Азия даму банкінің Қазақстандағы ҮЕҰ секторының шолуына және Алматы қаласы бойынша БҰҰ тұрақты даму мақсаттары бойынша алғашқы ерікті жергілікті шолуына негіз болды. Бірақ ең маңызды жетістік басқа болды: 2023 жылдың желтоқсанында Almaty Azamattyq Alliance АХҚО жанындағы Ұлттық ESG клубының мүшелігіне қабылданды.

– Біздің ұйымның қызметі, ең алдымен, азаматтық қоғамның әлеуетін қолдауға және дамытуға бағытталған. Біз әр түрлі азаматтық бастамалардың пайда болуына және іске асырылуына, қоғамдық қатысудың жаңа нысандарын қалыптастыруға және азаматтық сектордың институционалдық негіздерін нығайтуға жәрдемдесеміз. Соңғы екі жылда біз Алматыда елуге жуық мамандарды әр түрлі бағыттар бойынша біріктіретін қуатты сарапшылық қоғамдастық құра алдық: қоғамдық бірлестіктердің басшыларынан бастап, бізге азаматтық бастамалар мен қоғамдық маңызы бар жобаларды ілгерілетуге белсенді көмектесетін саясаттанушыларға дейін, – дейді Альянс төрағасы.

Ұйым жұмысының негізгі бағыттарының бірі – жануарларға жауапкершілікпен және адамгершілікпен қарау жөніндегі Алматы бастамасы. Белсенділер көшедегі жануарларға қатысты мәселелерді шешуде адамгершілікке негізделген тәсілді алға тартып, иттер мен мысықтарды мәжбүрлеп эвтанациялау тәжірибесін қайтаруға бағытталған кез келген әрекеттерге қарсы шығады. Бүгінде Альянс аясында бұрын жеке-жеке



әрекет еткен қаланың барлық жануарларды қорғау ұйымдары бірікті. Енді оларда жүйелі азаматтық қоғам тұлғасында ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және жаңа бастамалар ұсыну үшін ортақ алаң бар.

– Негізгі міндеттердің бірі – инклюзивті білім беруді дамыту. Біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен және ересектермен жұмыс істейтін көптеген ҮЕҰ біріктірілдік және инклюзия туралы жан-жақты түсінік қалыптастыруға ұмтыламыз. Ол үшін ҮЕҰ өкілдерін ғана емес, академиялық қоғамдастықты, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің сарапшыларын да тартамыз. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жаңа бастаманы іске қосамыз. Бұрын біз бұл бағытта жұмыс істегенбіз, алайда бүгінгі күні мемлекеттік органдардың құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып, алдын алу мәселелері мен парасаттылық мәдениетін қалыптастыру Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзыретіне берілді. Біз онымен белсенді түрде ынтымақтастық орнатып, бұрынғы бағдарламаларды жетілдірудің тиімді жолдарын іздеп, сыбайлас жемқорлықты болдырмау мәселелерімен жүйелі түрде айналысатын, ашықтық пен жауапкершілік қағидаттарын нығайтатын азаматтық қоғамның жаңа платформасын әзірлеудеміз, – деп атап өтті сұхбаттасушы.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ БАҒДАР РЕТІНДЕ

Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы ситуациялық емес, жүйелік негізде жасалады. Almaty Azamattyq Alliance екі жылдан бері оңтүстік астанада тұрақты даму мақсатта-

«Алматыда «Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру: заманауи сын-тегеуріндер мен оларды азаматтық қоғаммен шешу мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша Азаматтық форумды ұйымдастыру және өткізу оңтүстік астана альянсының басшысы үшін алғашқы «жауынгерлік қадамы» болды»



рын насихаттау және жергілікті деңгейде іске асыруға бағытталған жобаны жүзеге асыруда. Осы уақыт ішінде айтарлықтай жұмыс атқарылды, ал бүгін ұйымның өкілдері әр түрлі азаматтық бастамаларды ілгерілету арқылы осы мақсаттарды іс жүзінде орындауға көшуде. Айта кетейік, алматылықтар Альянстың бастамаларын белсенді қолдайды. Бұған дәлел: күннен-күнге көбірек азаматтық белсенділер қоғам қайраткерлеріне қосылып, іске асырылып жатқан жобаларға деген қызығушылық артуда.

– Өткен жылдың шілде айында біз Тұрақты даму мақсаттарына қоғамдық мониторинг орталығын іске қостық. Жалпы, мұндай жобаны жүзеге асыру идеясы бір жыл бұрын, 2023 жылдың маусымында, Азаматтық форум барысында пайда болды. 12 ай бойы қарар мен ұсыныстарды әзірлеумен белсенді айналысып, тұрақты даму мақсаттарын жергілікті деңгейде жүзеге асыру мәселелерінде бізге қолдау көрсетуін сұрап, әкімдікке және тиісті министрліктерге жүгіндік. Жобаның бірінші кезеңі іске асырылғаннан кейін бір

жыл өткен соң, біз Алматыдағы ҮЕҰ, сектор мен мемлекеттік органдардың барлық қызметіне тұрақты даму мақсаттарының көрсеткіштері бойынша талдау жүргізіп, қалада іске асырылып жатқан жобалардың тұрақты даму мақсаттарымен қаншалықты сәйкес келетінін зерттедік. Зерттеу үшін 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңді алдық, – деп түсіндіреді Қайыржан Саясатұлы.

Жиналған барлық деректер 19 дэшбордтың негізі болды – бұл Power BI бағдарламасында жасалған визуалды ақпараттық панельдер. Мұндай шешім қабылдаудың себебі – тұрақты даму мақсаттары күрделі ресми тілде жазылған көлемді мәтіндік материалдарды қабылдау көбінесе қиындық тудырады. Визуалды панельдер, керісінше, нәтижелерді көрнекі және қолжетімді түрде ұсынуға, оларды кең аудиторияға түсінікті етуге мүмкіндік береді.

– Бұл тәсіл азаматтық қоғам мен азаматтық бастамаларды цифрландыру үдерісінің бір бөлігіне айналды. Шын мәнінде, біз қазір азаматтық сектордың белсенділігін арттыруға арналған арнайы технология элементтерін енгізіп отырмыз – және олардың қоғам мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылды ашық әрі тиімді ету үшін болашақта қалай қолдануға болатынын көріп отырмыз. Биыл – жобаның екінші кезеңі. Біздің мақсатымыз – әрбір ҮЕҰ егжей-тегжейлі зерттеу. Біз қазірдің өзінде 100 үкіметтік емес ұйымды таңдадық. Сондай-ақ, біз 200 азаматтық қоғам өкілін тұрақты даму мақсаттарын және олардың жүзеге асырылуында азаматтық қоғамның рөлі туралы түсінуге оқытуды жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Азаматтық альянс басшысы, мұнда бизнесті, мемлекет пен азаматтық қоғамды байланыстыруда сенімділікті арттыруда тұрақты даму мақсаттарының әдіснамасы мен көптеген компанияларда енгізіліп жатқан ESG тәжірибелерінің маңызды рөл атқаратынын қосты.

Тұрақты даму түсінігі ұзақ уақыттан бері тар тақырып шегінен шықты. Бүгінгі күні бұл кешенді тәсіл болып, тек қоршаған ортаны қорғауды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік, экономикалық өсу және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелерін де қамтиды. Бұл бағыттардың барлығы өзара байланысты және бизнеске де, мемлекетке де жергілікті қауымдастықтармен және үкіметтік емес ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатудың маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Осындай өзара іс-қимыл арқылы ғана қоғамның маңызды әлеуметтік проблемаларын тиімді шешуге болады.

– Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты: адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы біз белгілі бір өңірлер мен салалардың экологиялық міндеттерін жиі шешеміз. Сондықтан тұрақты даму қағидаттары мен мақсаттарына негізделген бизнестің, мемлекеттің және азаматтық қоғамның ынтымақтастығы үшін тиімді алаңның болуы өте маңызды. Тек осылай ғана өндіріс пен қызмет көрсетуге тепе-теңдікті тәсілді қалыптастыруға болады – даму адамдарға, табиғатқа және қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп. Бұл үдерісте шешуші рөл азаматтық қоғамға, атап айтқанда Қазақстанның Азаматтық альянсына, сондай-ақ біздің қаламыздағы тұрақты даму идеяларының басты бағыттаушыларының бірі болып табылатын Almaty Azamattyq Alliance қорына тиесілі, – деп әңгімесін жалғастырды сұхбаттасушы.

ЕРТЕҢГЕ ЖОСПАР


Қазіргі уақытта Almaty Azamattyq Alliance өкілдері ғылыми зерттеулер жүргізеді, жобаларға қатысады, оқу-әдістемелік материалдар әзірлейді. Алайда, бұл жұмысқа қалыптасқан азаматтық қоғам көшбасшыларының қосылуы маңызды. Қайыржан Саясатұлының айтуынша, ҮЕҰ мен қоғамдық бірлестіктердің көптеген көшбасшылары тұрақты даму мақсаттарын енгізудің практикалық аспектілерімен таныс емес. Сондықтан Almaty Azamattyq Alliance базасында білім хабын құру ұсынылады. Ол білім беру және коммуникация алаңына айналып, онда елдің барлық 19 өңірінен және Алматыдан азаматтық альянстардың көшбасшылары мен белсенділерін тұрақты даму қағидаларын ескере отырып, ұйымдарының қызметін трансформациялау, мемлекеттік құрылымдар мен бизнеспен тиімді ынтымақтастық орнату жолдарына үйретуге болады; бұл үшін фандрайзинг, әлеуметтік кәсіпкерлік, эндаумент-қорлар және басқа да құралдар қолданылады. Осы тәсілдердің барлығы қоғамдық бастамалардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Бұдан басқа, алдағы екі-үш жылда тұрақты даму қағидаттарын енгізу арқылы азаматтық қоғам институттарын нығайту, үкіметтік емес ұйымдар секторында тұрақты даму мақсаттарының әдістері мен құралдарын ілгерілету, сондай-ақ барлық басталған азаматтық бастамаларды табысты аяқтау жоспарлануда.

Жеке мақсаттарға келетін болсақ, сарапшы, қоғамдық пікір көшбасшысы және Алматы Азаматтық альянсының басшысы

ретінде Қайыржан Әбдіхалықов белсенді қоғамдық, саяси және сарапшылық қызметін жалғастыруға ниетті. Оның мақсаты – көкжиекті кеңейту, республикалық және халықаралық деңгейлерге шығу. Қазірдің өзінде Ресей, Түркия, Әзірбайжан және Өзбекстаннан әріптестерімен байланыс орнатуда. Болашақта Almaty Azamattyq Alliance басшысы өзін стратегиялық ойлауға, болашақты көруге және халықаралық деңгейде белсенді азаматтық қатысуды қалыптастыруға қабілетті көреген көшбасшы ролінде көреді. Міндеттердің бірі – өңірлік және қосалқы өңірлік деңгейлерде әрекет ететін үкіметтік емес ұйымдардың қауымдастығы немесе одағы түріндегі халықаралық алаңды құруға және дамытуға қатысу. Бұл жергілікті және ұлттық қызметтен халықаралық өзара іс-қимылға және Қазақстанның азаматтық қоғамының жаһандық аренадағы позициясын нығайтуға маңызды қадам болмақ.

– Қазақстанда азаматтық сектор жеткілікті дамыған және толыққанды жұмыс істейді деп санаймын. Бүгінде азаматтардың корпоративтік қорлардан бастап қоғамдық бірлестіктерге дейін әр түрлі нысандағы ұйымдар құруға барлық мүмкіндіктері бар. Біз мұндай бастамаларға қызығушылықтың артып келе жатқанын көріп отырмыз. Адамдар бірігуді қалайды, өйткені олар осы ұяшықтар арқылы жергілікті проблемалар мен азаматтық мәселелерді шешуге белсенді қатыса алады. Азаматтық қатысуды күшейту нақты шешімдер табуға, халықтың өмірін жақсартуға, жалпы қоғамды дамытуға мүмкіндік береді. Иә, әр түрлі өңірлерде азаматтық қоғамның даму деңгейі әр алуан – бір жерлерде жоғары, бір жерлерде төмен, бірақ жалпы ел бойынша біз тұрақты жұмыс істейтін азаматтық сектор жүйесін көріп отырмыз, – деп түіндеді Қайыржан Саясатұлы.

Қорытындылай келе, айтар болсақ: Алматыдағы коммерциялық емес сектордың негізгі бірлестіктерінің бірі – Almaty Azamattyq Alliance қорын басқара отырып, Қайыржан Әбдіхалықов мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы азаматтық диалог пен серіктестікті дамытуға ұмтылады. Оның басшылығымен Алматының Азаматтық альянсы қоғамдық бастамалар қолдау алатын, ал әлеуметтік жобалар практикалық іске асырылатын алаңға айналды. Оның пікірінше, ҮЕҰ бизнестен стратегиялық жоспарлау мен нақты серпінді, ал бизнес ҮЕҰ-нан әлеуметтік эмпатияны үйренуі тиіс.



«Қазіргі уақытта Almaty Azamattyq Alliance өкілдері ғылыми зерттеулер жүргізеді, жобаларға қатысады, оқу-әдістемелік материалдар әзірлейді»

Захира Бегалиева:

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ: ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТАН ИННОВАЦИЯЛАРҒА



Қазақстанда инклюзия біртіндеп инновация драйверіне айнала отырып, әлеуметтік сала шеңберінен шығуда. Бизнес инклюзияны қайырымдылық ретінде емес, өсу стратегиясы ретінде қарастыра бастады, өйткені тең мүмкіндіктер қағидаттарын енгізу жаңа нарықтарды ашады және компаниялардың тиімділігін арттырады. «Adal Azamat» журналына берген сұхбатында ITeachMe.kz қоғамдық қорының директоры Захира Бегалиева технология, бизнес және білім беру салаларының тең мүмкіндіктер жолында қалай біріге алатыны туралы кеңінен әңгімелеп берді.

– Захира Оңғарбайқызы, қазіргі Қазақстанда инклюзия Сіз үшін нені білдіреді?

– Біз үшін инклюзия – көмек пен аяушылық туралы емес. Бұл – әр адамның денсаулық жағдайына қарамастан, өзін-өзі жүзеге асыру үшін тең жағдай жасау туралы. Инклюзия – бұл алуантүрлілік, адам әлеуеті мен тың шешімдер жоғары бағаланатын заманауи инновациялық экожүйенің бір бөлігі. Біз оны тар мағынасында әлеуметтік бастама ретінде емес, қоғам мен экономиканы дамыту құралы ретінде қарастырамыз.

– Сіз мүгедектігі бар адамдарға арналған жобалар қайырымдылық емес, болашаққа

салынған инвестиция екенін бірнеше рет атап өттіңіз. Инклюзия мәселелерінде бизнестің қазіргі хабардарлық деңгейін қалай бағалайсыз?

– Хабардарлық деңгейі артып келеді, бірақ әзірге жүйелік тәсіл емес, негізінен әлеуметтік жауапкершілік деңгейінде. Көптеген компаниялар инклюзия клиенттердің адалдығын арттыратын, корпоративтік мәдениетті жақсартатын және жаңа нарықтарды ашатын бәсекелестік артықшылық екенін түсіне бастады. Алайда бизнеске инклюзия қағидаттарын өз үдерістеріне тиімді енгізу үшін әлі де практикалық құралдар мен терең түсінік жетіспейді.

ITEACHME.KZ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ИНКЛЮЗИЯ ИННОВАЦИЯ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ

ITeachMe.kz қоғамдық қоры – бұл қоғам мен технологияларды дамыту стратегиясы ретінде инклюзия идеясын ілгерілететін қазақстандық платформа. 2017 жылдан бастап қор командасы мүгедектігі бар адамдарға заманауи цифрлық кәсіптерді игеруге, жұмысқа орналасуға көмектеседі және инклюзивті стартаптарды іске қосуға жағдай жасайды.

Қордың миссиясы – дене ерекшеліктеріне қарамастан білім мен технологияны барлығына қолжетімді ету. ITeachMe жобалары білім беру, бизнес және АТ салаларын біріктіріп, тең мүмкіндіктер инновацияның қайнар көзіне айналатын экожүйені қалыптастырады.

Жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – мүгедектігі бар адамдарға кәсіптік оқудан өтуге, тәлімгерлік алуға және жұмысқа орналасуға көмектесетін Job Coach бағдарламасы. Бағдарламаның көптеген түлектері өздерінің жобалары мен жұмыс орындарын құра отырып, кәсіпкер атанды.

ITeachMeLab базасында хакатондар мен акселерациялық бағдарламалар өткізіледі, онда жас мамандар, тәлімгерлер мен АТ-командалар инклюзивті технологиялар саласында – мобильді қосымшалардан бастап оңалту құрылғыларына дейінгі шешімдер әзірлейді.

Бүгінде қор Қазақстанды инклюзивті технологиялар мен цифрлық дағдыларды дамыту жөніндегі өңірлік орталыққа айналдыруға ұмтыла отырып, халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуда.

– Сіз Қазақстанда құрылған қандай озық инклюзивті стартаптарды атай аласыз?

– Көрнекі мысалдардың бірі ретінде ITMLab жобасын атап өтуге болады, онда мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған инновациялық IT-шешімдер мен оңалту құралдары жасалады. Өткен жылдың жеңімпаздары қатарында қосымша қозғалыс мүмкіндігін қамтамасыз ететін мүгедектер арбасына арналған электрлік құрылғы, ым тілін мәтінге не дыбысқа және керісінше аударатын қосымша, Брайль технологиясына негізделген бейімделгіш дисплейі бар электронды кітап және басқа да бастамалар болды.

– Сіздің ойыңызша, инклюзивті бастамалар мен стартап индустриясы неліктен әзірге сирек тоғысады? Мұны қалай өзгертуге болады?

– Негізгі себеп – білімнің жетіспеуі және практикалық кейстердің болмауы. Көптеген стартапшылар өнімдерін мүгедектігі бар адамдарға қалай бейімдеу керектігін білмейді. Шешім – бұл екі әлемді біріктіру: IT және әлеуметтік сала. Біз ITeachMe қорында дәл осындай көпірлерді құрамыз – акселераторлар мен хакатондар, менторлық және



білім беру бағдарламалары арқылы, онда қатысушылар инклюзияны шектеу емес, инновацияға мүмкіндік ретінде қарастыруды үйренеді.

– Бүгінде Қазақстанда мүгедектігі бар 737 мыңнан астам адам тұрады. Халықтың осы тобы әлеуметтік-экономикалық өмірге белсенді қатысуы үшін қандай қадамдар жасау керек?



– Ең алдымен, білім алуға және жұмысқа орналасуға қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Инклюзивті оқу бағдарламаларын, бейімделген онлайн-курстарды құру, сондай-ақ бизнес пен ҮЕҰ арасындағы әріптестікті дамыту қажет. Мүгедектігі бар адамдардың өздері жобалар мен жұмыс орындарын құратын инклюзивті кәсіпкерлікті қолдау маңызды. Бұған қоса, қоғамдық қабылдауды өзгерту қажет – «көмектен» «қатысуға және теңдікке». Мұндай жұмыстың сәтті мысалдарының бірі – ITeachMe қоры іске қосқан Job Coach бағдарламасы. Бұл мүгедектігі бар адамдарға кәсіби дайындықтан өтуге және жұмысқа орналасу кезінде

тәлімгерлердің қолдауын алуға көмектеседі. Осы бастаманың арқасында қатысушылар жұмыс тауып қана қоймай, сенімділігі мен тәуелсіздігін дамыта отырып, жаңа жағдайларға бейімделеді.

– Инклюзивті технологияларды ілгерілетуде мемлекет қандай рөл атқара алады?

– Мемлекет инклюзивті өзгерістердің катализаторы болуы тиіс. Бұл – бизнес үшін ынталандыруды құру, зерттеу және білім беру бастамаларын қолдау және қолжетімділік стандарттарын енгізу. Инклюзия тек әлеуметтік емес, сонымен қатар жұмыспен



қамтуға, цифрлық дағдыларға және технологиялық дамуға бағытталған экономикалық саясат болуы маңызды.

– Алдағы жылдары ITeachMeLab платформасын дамытудың қандай бағыттарын көріп отырсыз? Халықаралық деңгейге шығуды жоспарлап отырсыз ба?



– Алдағы жылдары біз үш негізгі бағытта даму көреміз: инклюзивті білім беру және жаңа цифрлық мамандықтар; бизнеспен және жоғары оқу орындарымен серіктестік акселерациялық бағдарламалар; EdTech және әлеуметтік инклюзия саласында жұмыс істейтін ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Иә, халықаралық деңгейге шығу – біздің стратегиялық мақсаттарымыздың бірі. Қазақстан қазірдің өзінде Орталық Азияда инклюзивті технологияларды дамыту жөніндегі өңірлік хабқа айналуы мүмкін.



– Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған өнім жасағысы келетін, бірақ неден бастарын білмейтін жас инноваторларға не айтар едіңіз?


– Диалогтан бастаңыз. Кімге өнім жасағыңыз келеді, яғни мақсатты аудиториямен сөйлесіңіз – олардың нақты қажеттіліктерін анықтаңыз. Қателесуден қорықпаңыз, серіктестер іздеңіз және идеяларды сынап көріңіз. Инклюзия – «ерекше адамдар» туралы емес, бұл барлығына қолжетімділік туралы. Егер Сіз мүгедектігі бар адамға ыңғайлы өнім жасай алсаңыз, ол барлық пайдаланушылар үшін ыңғайлы болады.

– Әңгімеңіз үшін рақмет!



«АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – БҰЛ...»

БЛИЦ-САУАЛНАМАСЫ



Алтынбек Мұрат, құрылысшы

Азаматтық қоғам – бұл бүкіл халық және мемлекеттен тәуелсіз барлық компаниялар, ұйымдар мен бастамалар. Дәл олар бұйрықсыз, әділетті және күшті мемлекетті қалыптастырады. Егер мемлекет үй болса, онда азаматтық қоғам – оның тозуына жол бермейтін адамдар, олар жарықтарды жөндеп, үй қабырғасының берік болуын бақылайды. Азаматтық қоғам биліктің жарлығына емес, ішкі парыз сезіміне негізделеді, мұнда әрбір азамат өз үлесін қосады – бірі идеясымен, бірі әрекетімен, енді бірі адал ұстанымымен.

Ерлан Қасымов, бухгалтер

Азаматтық қоғам – бұл өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігетін адамдардың дербес, тәуелсіз қауымдастығы. Мемлекет пен қоғам өміріне белсенді қатысады.

Азаматтық қоғамда өзара қолдау бар, онда әр адам өзінің маңыздылығын сезінеді.

Тұрғындар нұсқауларды күтпей, өзгерістерді өздері бастайды – көршілерге көмектесуден бастап қоғамдық бақылау мен еріктілер жобаларына дейін. Мұндай қоғам жауапкершілік пен сенім мәдениетін қалыптастырады, онда адамдар болып жатқан жағдайды тек бақылап қоймай, елдің өміріне әсер ететін шешімдердің бірлескен авторлары болады.

Диана Құрманбаева, дәрігер

Мен үшін азаматтық қоғам – адамгершілікті насихаттау. Сен өз кәсіби қызметіңнен сәл артық жасап, өзің тұратын жерде адамдар мен қоғамға пайда әкелген кезде. Тіпті елден тыс жерлерде – онлайн режимінде де. Мен үшін азаматтық қоғам – құндылықтарды, мейірімді жүректі, саналы болмысты тәрбиелеу; адамдар мен жануарларға қамқорлық пен көмек көрсету; экологиялық тұрғыдан жақсы қасиеттер мен ізгі істерді насихаттау. Бірақ ешбір қысымсыз және агрессиясыз. Мен өзім дәрігермін. Азаматтық қоғамның бір бөлігі ретінде мен не істей аламын? Мен өз инстаграм парақшамда медициналық саладағы тәжірибеммен, біліміммен бөлісемін. Осылайша мен халықтың хабардарлығын арттыруға тырысамын. Барлығы



ауруханаға бармайды және кейбір аурулар мен асқынулар туралы білмейді. Менің ойымша, ақпарат қолжетімді және сенімді болатын шағын қауымдастықтар құру керек. Мысалы, бала күтімімен үйде отырған жас анада сұрақ туындаса, бірақ ол емханаға жеткенше уақытын жоғалтып, өзіне де, балаға да стрестің туындауына себеп болады. Сондықтан мен чат құруды дұрыс деп таптым. Сондай-ақ, мен өзімнің чатымда медицинадан басқа экология туралы айтуға тырысамын, өйткені денсаулық пен экология тығыз байланысты. Менің жеке тәжірибем – органикалық заттарды жинау, өйткені ол фермерлерге қажет. Олар одан компосттар, өсімдіктерге, бақтарға тыңайтқыштар жасайды. Сонымен қатар, мен артық сатып алмауды насихаттаймын, әсіресе бұл киім-кешекке байланысты. Сән индустриясы экологияны өте ластайды.



Томирис Мұратова, студент

Азаматтық қоғам – бұл халықтың дауысы, мүдделі адамдардың өзара іс-қимылы және сөз бостандығы. Бұл – тұрғындар ашық диалог жүргізетін, әр түрлі пікірлерге құлақ асатын қоғам. Азаматтық қоғамсыз ешбір мемлекет тұрақты болмайды. Елді басқарудағы ең үздік шешімдер де, белсенді, ойлы және жанашыр азаматтарға сүйенбесе, нәтиже бермейді. Адамдар ортақ мақсаттар үшін бірігіп, бір-біріне көмектесіп, пікір білдіріп, құндылықтарды қорғаған кезде, олар әркім құрмет, мейірімділік пен қолдауды сезінетін әділетті мемлекет құрады.

Эльвира Камалова, бала күтіміндегі ана

Мен үшін азаматтық қоғам – ортақ мақсаттармен біріккен, өздері тұратын мемлекет олар үшін маңызды болатын адамдар тобы. Оларды білім беру, медицина, азық-түлік, бағаны реттеу, спорт кешендерін жабдықтау және басқа да мәселелер қызықтырады. Бұл – мемлекеттік қаражаттың қалай жұмсалатынын және мемлекеттік бағдарламалардың қалай жүзеге асырылатынын бақылайтын азаматтар. Мысалы, біздің елімізде әрбір қазақстандыққа 10 сотық жер тиесілі. Бірақ сұрақ туындайды – кезек қаншалықты әділ және ашық алға жылжуда? Егер азаматтардың өздері болмаса, бұл мәселеге кім назар аударады?

Менің ойымша, белсенді азаматтың ұстанымы әрқайсымыздан, әр отбасынан басталуы керек. Басқа біреудің жауапкершілікті өзіне алуын күтпеу керек – еліңдегі барлық тұрғындар солай әрекет етуін қалайтындай өзің әрекет етуің қажет.

Конрад Аденауэр атындағы Қор - Германия Федеративтік Республикасының саяси қоры. Қор өзінің бағдарламаларымен және жобаларымен халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікке белсенді және пәрменді ықпал етеді.

Қазақстанда Қор өкілдігі өз жұмысын 2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шақыруымен бастады. Қор мемлекеттік органдармен, ҚР Парламентімен, азаматтық қоғам ұйымдарымен, университеттермен, саяси партиялармен, кәсіпорындармен әріптестікте жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы Қор қызметінің негізгі мақсаты саяси, білім беру, әлеуметтік, мәдени және экономикалық даму саласындағы ынтымақтастық жолымен Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті нығайту болып табылады, сол арқылы Қазақстанның одан әрі дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қор қызметінің басым бағыттары:

- Партияның саясаты мен жұмысы бойынша кеңес беру
- Парламентаралық диалог
- Энергетика және климат
- Жергілікті өзін-өзі басқару
- Саяси білім
- БАҚ (Медиа)
- Жергілікті Sur-Place шәкіртақы бағдарламасы



Мекенжайы:

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігі
Қабанбай батыр көшесі, 6/3 - 82
010001 Астана қаласы
Қазақстан



Байланыс деректері:

Info.Kasachstan@kas.de
+7 7172 92 50 13
+7 7172 92 50 31

<https://www.kas.de/kk/web/kasachstan/>